БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ
және ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 117 (9694) 1955 жылғы 14 июнь Сейсенбі

Шығуына 36 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Н. А. БУЛГАНИН ЖОЛДАСТЫҢ ТУҒАНЫНА АЛПЫС ЖЫЛ ТОЛУЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰТТЫҚТАУ ТЕЛЕГРАММАЛАР (1-бет).

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумында (1-бет).

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы (1-бет).

Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Нерудің Москвадан жүріп кетуі (1-бет).

Джавахарлал Нерудің Сталинградқа келуі (1-бет).

Джавахарлал Нерудің Қырымға келуі (1-бет).

Облыстық партия комитетінің VI пленумы (2-бет).

ЖҮГЕРІНІ КҮТІП-БАПТАУ ҮЛГІЛІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛСЫН: **Ш. Халықов.**—Егінді тығылықты күту—мол өнім шарты. **Л. Бақаев.**—2000 тонна сүрлем азық әзірленеді (3-бет).

Ғ. Малдыбаев.—Жүгері (3-бет).

Ғ. Балғожин.— Мәдени-ағарту жұмыстарын жақсарта береміз (3-бет).

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ. **А. Бекжанов.**—Қора салу ойға да алынбай отыр (3-бет).

Ж. Музапаров.—Отрядтың абройын сақтаған күш (3-бет).

М. Нурпейісов.—Пионер жазы басталды (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Мал шаруашылығы өнімдерін дайындау қарқыны күшейтілсін

КСОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысы таяудағы бес-алты жылдың ішінде мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруді екі есе және екі еседен аса көбейту қажеттігін, сонымен бірге, көзіргі уақытта мал шаруашылығын шұғыл өркендету үшін барлық жағдайлардың жасалғанығын колхоздарда, МТС-терде және совхоздарда зор резервтер барлығын, оларды шебер пайдалана білу елдің малшаруашылық өнімдеріне деген талаптарын қанағаттандыруға мүмкіндік беретіндігін атап көрсетті.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы шаруашылықтары өздерінің барлық мүмкіншіліктерін мал шаруашылығын өркендетуге, әсресе малдан алынатын өнімді арттыруға жұмылдыра отырып, айтарлықтай табыстарға ие болуда. Булаев ауданындағы «Гигант» колхозының колхозшылары өткен мал қыстату маусымын табысты аяқтады. Олар бұл маусымда мал күтімін жақсарту арқылы сыйырлардың құнарлылығын едәуір арттырып, ет үшін тапсырылатын малдың кеңдылығын жоғарылатты. Мұның өзі колхоздың мемлекетке ет, сүт тапсыру жөніндегі айлық, тоқсандық тапсырмаларының үнемі асыра орындалуына және колхоздың мемлекеттік сауда орындарына мыңдаған литр сүт сатуына мүмкіндік берді. Колхоз шопандары да бұл іске өз үлестерін қосуда. Олар көктемде әрбір қойдан 3—3,5 килограмм жүн қырықты.

Ленин ауданындағы «Бірлік» колхозының колхозшылары быйыл мал шаруашылығы өнімдерін дайындауға айрықша маңыз берді. Олар ет есебіне тапсырылатын малды семіртуде және оны дайындау орындарына тапсыруда. Осының нәтижесінде мұнда ет дайындаудың жартыжылдық тапсырмасы 131,8 процент орындалды. Сол сияқты сүт дайындау тапсырмасы да 10 июньге дейін 106 процент орындалып отыр.

Мал шаруашылығы өнімділігін арттыруда көптеген мал өсірушілер жоғарғы көрсеткіштерге ие болып жүр. Мәселен, [illegible] «Социализм» осы уақытқа дейін сыйырлар тәулігіне небары екі рет ғана сауылады. Осы себепті колхоз мемлекетке сүт тапсырудың тапсырмаларын айдан айға орындай алмай келеді.

Көп реттерде мал шаруашылығы өнімдерінің аз дайындалуына жергілікті партия, совет ұйымдарының кейбір қызметкерлері кінәлі. Олар мал шаруашылығы өнімдерін арттыру мәселесімен жеткіліксіз шұғылданбайды, фермалардағы жағдайды жете әсерттеп білмейді. Оған бір мысал.

Ленин ауданының басшылары, атап айтқанда, аудандық партия комитетінің, аудандық Совет атқомінің қызметкерлері Карл Либкнехт атындағы колхозды мал шаруашылығы өнімдерін дайындауда алдыңғы қатарлы шаруашылықтың бірінен есептейді. Рас, мәліметке қарағанда, бұл колхоз 10 июньге дейін мемлекетке сүт тапсырудың жартыжылдық тапсырмасын 92 процент, жүн дайындаудың тапсырмасын 153 процент орындаған. Ал, істің шын жағдайына келсек, колхоздың жұмысында көп кемшіліктер бар. Осы колхоздың сауыншысы П. Торн жолдас өзінің қарамағындағы 10 сыйырдың өркайсысынан өткен жылдың 1 октябрінен үстіміздегі жылдың 1 июніне дейін 735 литр сүт алса, сауыншылар Э. Вагнер, Н. Брак жолдастар небары 280 литрден ғана сүт алды. Бір колхозда жағдайдың мұндай болуына себеп неде? Міне, бұл мәселемен шұғылданған не аудан басшылары, не дайындау орындарының қызметкерлері жоқ. Мұндай фактілерді облыстың барлық аудандарынан кездестіруге болады.

Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық органдары өрбір колхоздағы, совхоздағы, өрбір фермадағы жағдайды жете зерттеп біліп отыруға, істегі орын алған кемшіліктерді жоюдың жедел шараларын белгілеп, оның мұқият жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Мал шаруашылығы өнімдерін арттыру ісінде жайылымдық учаскелерді дұрыс бөлудің, жайылымдар үшін екпе шөптерді [illegible] пайдаланудың ма-

Н. А. Булганин жолдастың туғанына алпыс жыл толуымен байланысты құттықтау телеграммалар

Н. А. БУЛГАНИН жолдасқа

Сіздің туғаныңызға алпыс жыл толуымен байланысты Қытай Коммунистік партиясының Орталық Комитеті ұлы Лениннің шәкірті және Лениннің ісін алға апарушы Сталин жолдастың ең жақын серіктерінің бірі, Совет Одағының Коммунистік партиясы мен совет халқының аса көрнекті басшыларының бірі, қытай халқының сүйікті және қадірлі досы —Сізге тұысқандықпен құттықтаған жалынды сәлемін жолдайды.

Сіздің сау-саламат болуыңызға, сонымен қатар Совет Одағында коммунистік қоғам орнату жолындағы және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтау жолындағы күрестe Совет Одағы Коммунистік партиясының басшылығымен жаңа табыстарға жетуінізге шын жүректен тілектесміз.

Қытай Коммунистік партиясының Орталық Комитеті.

8 июнь, 1955 жыл, Пекин.

Советтік Социалистік Республикалар Одағы Министрлер Советінің Председателіне

Қымбатты Н. А. Булганин жолдас!

Сіздің туғаныңызға алпыс жыл толған күні Қытай Халық Республикасының Үкметі мен халқының атынан және өз атымнан Совет Одағының Коммунистік партиясы мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткерлері мен басшыларының бірі, қытай халқының жақын досы—Сізге шын жүректен құттықтаған жалынды сәлемдер тапсыруыма рұқсат етіңіз.

Сіз өзініздің бүкіл қайрат-жігеріңізбен және саяси, шаруашылық және әскери қызметке бай тәжрибеңізбен Совет Одағындағы коммунистік құрылыс ісіне, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік және адамзаттың прогресі ісіне аса үздік үлес қостыңыз. Сіздің сау-саламат болып, ұзақ жылдар бойы өмір сүруіңізге және совет халқының игілігіне, Совет мемлекетінің көркейе беруіне, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтау мүддесі үшін өзініздің қызметіңізде бұрынғыдан да зор табыстарға жетуінізге тілектесміз.

ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙ.

8 июнь, 1955 жыл, Пекин.

Варшавадан телеграмма,
9 июнь 1955 жыл.

Москва

Советтік Социалистік Республикалар Одағы Министрлер Советінің Председателі Николай Александрович БУЛГАНИН жолдасқа

Аса қадірлі және қымбатты Булганин жолдас!

Сіздің туғаныңызға алпыс жыл толған күні Поляк Халық Республикасының [illegible] Орталық Комитетінің аты-

Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Неру Москвадан жүріп кетті

Совет Одағына ресми сапармен келген Индия Республикасының Премьер-Министрі және Сыртқы Істер Министрі Джавахарлал Неру, оның қызы Индира Ганди, Индия Республикасы Сыртқы Істер Министрлігінің бас секретары Н. Р. Пиллаи, Индия Республикасының Сыртқы Істер Министрлігі Европалық бөлімінің меңгерушісі А. Хуссейн 11 июньде Москвадан Сталинградқа жүріп кетті.

Индиялық қонақтармен бірге Сталинградқа Индия Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі К. П. Ш. Менон және Индия Республикасы Елшілігінің бірінші секретары П. Н. Кауль жүріп кетті.

Премьер-Министр Джавахарлал Нерудің қасында Сталинградқа ССРО Сыртқы Істер Министрінің Бірінші орынбасары В. В. Кузнецов, Совет Одағының Индия Республикасындағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі М. А. Меньшиков, ССРО Сыртқы Істер Министрлігі Протокол бөлімінің меңгерушісі Ф. Ф. Молочков бірге келді.

Индия Республикасы мен ССРО-ның [illegible] жаңалықтарымен безендірілген Сыртқы Істер Министрлігі Протокол бөлімінің меңгерушісі Ф. Ф. Молочков бірге еріп кетті.

Орталық аэродромда қонақтарды ССРО Сыртқы Істер Министрінің Бірінші орынбасары А. А. Громыко, Москва Советі атқару комитетінің председателі М. А. Яснов, ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің Протокол бөлімі меңгерушісінің орынбасары А. Н. Капустин, совет және шетел тілшілері шығарып салды.

Аэродром Индия Республикасы мен Совет Одағының мемлекеттік жалауларымен безендірілді. Индия Республикасының Премьер-Министрімен бірге Сталинградқа ССРО Министрлер Советі жанындағы Совет Одағы Телеграф агенттігінің (СОТА) шақыруы бойынша Москвада болған бір топ Индия журналистері де жүріп кетті.

(СОТА).

Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Нерудің Сталинградқа келуі

СТАЛИНГРАД, 11 июнь (СОТА). Индия Республикасының Премьер- Министрі Джавахарлал Неру бүгін Сталинградқа келді. Онымен бірге оның қызы Индира Ганди, Индия Республикасы Сыртқы Істер Министрлігінің бас секретары Н. Р. Пиллаи, Индия Республикасының Сыртқы Істер Министрлігі Европалық бөлімінің меңгерушісі А. Хуссейн, Индия Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі К. П. Ш. Менон және Индия Республикасының ССРО-дағы Елшілігінің бірінші секретары П. Н. Кауль еріп келді.

Премьер-Министр Джавахарлал Нерудің қасында ССРО Сыртқы Істер Министрінің Бірінші орынбасары В. В. Кузнецов, ССРО-ның Индия Республикасындағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі М. А. Меньшиков, ССРО Сыртқы Істер Министрлігі Протокол бөлімінің меңгерушісі Ф. Ф. Молочков бірге келді.

Индия Республикасы мен ССРО-ның [illegible] жаңалықтарымен безендірілген Советтің атқару комитеті председателінің орынбасары М. Н. Сомова, журттшылық пен баспасөз өкілдері қарсы алды.

Премьер-Министр Джавахарлал Неруді Сталинградтың еңбекшілері атынан қалалық Советтің атқару комитетінің председателі С. И. Шапуров шын жүректен құттықтады.

Джавахарлал Неру жыйналғандарға жылы шыраймен қарсы алғаны үшін алғыс айтты және Сталинградта болғанына өте қуаныштымын деп мәлімдеді.

Сталинградтың даңқы мен атағы, деді Неру, бүкіл дүние жүзіне мәлім. Бұл—Сіздердің соғыста ғана емес, сонымен бірге бейбітшілікте де өз ерліктеріңізді дәлелдеп берген қала болып табылады.

Неру бұдан кейін өзінің Сталинградқа қаламен танысу үшін ғана емес, сонымен бірге сталинградтықтарды өзінің құрметтейтінін білдіру үшін келгенін айтты.

Жыйналғандар Неруді қызу құттықтады. Пионерлер оған және оның қызы Ин-

колхозының сауыншысы В. Саютина жолдас өткен жылдың 1 октябрінен үстіміздегі жылдың 1 июніне дейін қарауындағы әрбір сыйырдан 1353 литр сүт сауды. Возвышен совхозының шопаны Баясов жолдас 23 жылда 27 мың қозы өсіріп, совхоздың мал шаруашылығының өркендеуіне көп үлес қосты. Кәзіргі уақытта ол әрбір қойдан 3,5—4 килограмм жүн қырқуға жетісті.

Бұл фактілердің барлығы облысымыздың колхоз, совхоздарында қоғамдық мал шаруашылығын алып адыммен өркендетуге, мемлекетке етті, сүтті, жүнді, жұмыртқаны және мал шаруашылығының басқа да өнімдерін көптеп тапсыруға мүмкіншіліктің жеткілікті екендігін көрсетеді.

Осыған қарамастан кәзіргі уақытта облыс колхоздары мен совхоздарында мал шаруашылығы өнімдерін дайындаудың барысы өте-мөте қанағаттанғысыз. Бірқатар колхоз, совхоз басшыларының мал шаруашылығы өнімдерін дайындауға жауапсыз қараулары себепті ғана малды жұмда бағып, семірту дұрыс ұйымдастырылмай отыр. Совет ауданындағы Молотов атындағы колхозда мал жайылатын жерлер көптеп саналады. Бірақ ферма меңгерушісі Әбілов жолдастың іске жауапсыз қарауынан сауын сыйырларды лагерьлеп бағу және малдың жайылуын тәулік бойы ұйымдастыру естен шығарылған. Сыйырлар көбінесе ауыл маңындағы оты аз жерлерде бағылады. Керек десен, ...ңызы ерекше зор. Бұл жөнінде Мамлют совхозының коллективі жұмысты үлгілі ұйымдастырып отыр. Мұнда әрбір отар малға жайылымдық участоктер бөлініп берілген. Онда малдың тәулік бойы бағылуы ұйымдастырылған.

Көп колхоздарда етке тапсыратын малдар дұрыс бағылмай келеді. Колхоз, совхоз басшылары, мал шаруашылығының мамандары мұндай малдардың бөлек бағылуын, оларға оты, суы мол участокторлін бөлінуін қамтамасыз етуге тиіс.

Ленин, Октябрь, Преснов аудандарында қой қырқу маусымы кешеуілдетілуде. Мұның өзі қойлардан алынатын жүннің аз болуына негізгі себеп болады. Сондықтан бұл аудандардың МТС басшылары электр агрегаттарының жұмысын таң атқаннан түн қараңғысына дейін ұйымдастырып, қой қырқудың таяудағы екі-үш күннің ішінде аяқталуына жетісулері керек.

Көп колхоздар жұмыртқа дайындау ісіне кіріспей отыр. Мұндай колхоздардың басшылары істегі кемшіліктерді дереу жоюға, сөйтіп бұл жөніндегі жылдық тапсырманың толық орындалуына барлық мүмкіншіліктерді жұмылдыруға тиіс.

Кәзір мал шаруашылығы өнімдерін дайындаудың шешуші кезеңі туды. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдары барлық мүмкіншілікті мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерінің көптеп тапсырылуына және сатылуына жұмылдырып, істің жайын шұғыл жақсартуға міндетті.

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумында

11 июньде ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы 1955 жылғы 15 майда Венада Совет Одағының, Великобританияның, Америка Құрама Штаттарының, Францияның және Австрияның полномочиелі өкілдері қол қойған, ССРО Министрлер Советі бекітуге тапсырған, тәуелсіз және демократиялық Австрияны қалпына келтіру туралы Мемлекеттік Договорды қарады.

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы, ССРО Министрлер Советі бекіткен және ССРО Жоғарғы Советінің Одақ Советі мен Ұлттар Советінің Сыртқы істер жөніндегі комиссиялары мақұлдаған, тәуелсіз және демократиялық Австрияны қалпына келтіру туралы Мемлекеттік Договор бекітілсін деп қарар қабылдады.

Тәуелсіз және демократиялық Австрияны қалпына келтіру жөніндегі Мемлекеттік Договорды бекіту туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

ССРО Министрлер Советі бекіткен және ССРО Жоғарғы Советінің Одақ Советі мен Ұлттар Советінің Сыртқы істер жөніндегі комиссиялары мақұлдаған, 1955 жылғы 15 майда Венада қол қойылған, тәуелсіз және демократиялық Австрияны қалпына келтіру туралы Мемлекеттік Договор **бекітілсін.**

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль.
11 июнь, 1955 жыл.

Үкметі мен Польшаның Біріккен ...нан Сізге шын жүректен құттықтаған сәлемдерімізді жолдап, жалынды туысқандық тілектестігімізді білдіреміз.

Поляк халқы Сіз арқылы өзінің жақын және сенімді досын құттықтайды, Сіз Польшаны гитлерлік құлдықтан азат етудің алғашқы кезінен бері, Сіз Польшада болған ұмытылмас кезден бері, біздің халықтарымыз арасында достықты нығайтудың игілікті ісінде және халықтық Польшаның күштері мен көркеюінің берік ірге тасы, сонымен қатар бейбітшілік пен социализм лагерінің топтасқан қатарын нығайтудың маңызды факторы—жан-жақты поляк-совет ынтымағын дамытуда күштеріңізді аямай жұмсап келдіңіз.

Совет Одағының Үкметі мен Коммунистік партиясы белгілеген және Сіздің творчестволық қатысуыңызбен жүзеге асырылып отырған халықтардың бейбітшілік, коллективтік хауіпсіздік және тәуелсіздік саясаты жаңа соғыс қатерінсіз жол берілмейтіндіктің, халықаралық қатар өмір сүрудің баянды етілуінің, адамзаттың игі жақсы болашағы үшін бүкіл дүние жүзі халықтарының сенімінің қайнар бұлағы мен негізі болып табылады.

Сіздің алпыс жасқа толуыңызбен байланысты Сізге біздің партиямыз бен үкметіміздің атынан Совет Одағы халықтарының игілігіне, социализм мен бейбітшілік жолында біздің ортақ ісіміздің игілігіне Сіздің сау-саламат болып, ұзақ жылдар бойы өмір сүруіңізге және бұдан былай да жемісті жұмыс істей беруіңізге шын жүректен тілектестігімізді білдіреміз.

Польшаның Біріккен жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары БОЛЕСЛАВ БЕРУТ

Поляк Халық Республикасы Министрлер Советінің Председателі ЮЗЕФ ЦИРАНКЕВИЧ

Будапештен
10 июнь 1955 жыл.

Советтік Социалистік Республикалар Одағы Министрлер Советінің Председателі Н. А. БУЛГАНИН жолдасқа

Сіздің туғаныңызға алпыс жыл толуымен байланысты венгер халқының, Венгер Халық Республикасының Президиумы мен Министрлер Советінің және Венгер еңбекшілер партиясы Орталық Комитетінің атынан совет халқының адал ұлы, ұлы Лениннің шәкірті, Сталиннің ең жақын серіктерінің бірі, Совет Одағының данқты Коммунистік партиясының сыннан өткен басшыларының бірі және Советтік Социалистік Республикалар Одағы Министрлер Советінің Председателі—Сізді шын жүректен құттықтаймыз.

Председатель жолдас, Сіз арқылы венгер халқы біздің сансыз көп азап шегіп, ғасырлар бойы құлдықта болған халқымызды бостандық пен тәуелсіздікке жеткізген және соңғы он жылдың ішінде оған бақытты болашақ орнатуда, социализм орнатуда ең алуан түрлі жолдармен сан рет қалтқысыз көмек көрсетіп келген достас ел мен туысқандық халықтың тамаша мемлекет қайраткерін құттықтайды.

Бұл жылдардың ішінде Венгер Халық Республикасы мен Советтік Социалистік Республикалар Одағы арасында қалыптасқан және Сіздің Советтік Социалистік Республикалар Одағы Министрлер Советінің Председателі қызметінде болғаннан бергі өткен уақыттың ішінде онан әрі дамып түскен мызғымас достық пен тығыз одақ болашақта бұрынғыдан анағұрлым тереңдеп нығая береді деп, біз кәміл сенеміз.

Қымбатты Булганин жолдас, Сіздің сау-саламат болып, күштеріңіз кемеліне келіп көркейе беруіне, ұлы Совет Одағының туысқан халықтарының және бейбітшілікті шын ниетімен тілеп отырған барлық халықтардың игілігіне коммунизм орнату құрылысында, Сіздің данқты Советтік Отаныңызды көркейте беру, Европа мен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қорғау, халықтар арасында достық пен ынтымақты дамыту ісінде ұзақ жылдар бойы еңбек ете беруіңізге шын жүректен тілектестіміз.

ИШТВАН ДОБИ — Венгер Халық Республикасы Президиумының Председателі

АНДРАШ ХЕГЕДЮШ — Венгер Халық Республикасы Министрлер Советінің Председателі

МАТИАС РАКОШИ — Венгер еңбекшілер партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары.

аэродромда Премьер-Министрді және оның қасына ерген адамдарды еңбекшілер депутаттарының Сталинград қалалық Советі атқару комитетінің председателі С. И. Шапуров, СОКП облыстық комитетінің бірінші секретары И. Т. Гришин, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советі атқару комитетінің председателі И. С. Панькин, облыстық кәсіподақтар Советінің председателі А. А. Вдовин, қалалық ...дира Ганди...ды. Аэродромнан қалаға баратын жолдың бүкіл өн бойында Индия Республикасының Премьер-Министрін қаһарман қаланың тұрғын халқы жылы шыраймен қарсы алды.

Сталинградқа сонымен бірге СОТА-ның шақыруы бойынша ССРО-да қонақ болып жүрген бір топ Индия журналистері де келді.

Индия Республикасы Премьер-Министрі Джавахарлал Нерудің Қырымға келуі

СИМФЕРОПОЛЬ, 12 июнь. (СОТА). Совет Одағында жүрген Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Неру бүгін Сталинградтан Қырымға келді. Онымен бірге оның қызы Индира Ганди, Индия Республикасы Сыртқы Істер Министрлігінің бас секретары Н. Р. Пиллаи, Индия Республикасының Сыртқы Істер Министрлігі Европалық бөлімінің меңгерушісі А. Хуссейн, Индия Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі К. П. Ш. Менон және Индия Республикасының ССРО-дағы Елшілігінің бірінші секретары П. Н. Кауль еріп келді.

Премьер-Министр Джавахарлал Нерудің қасында ССРО Сыртқы Істер Министрінің Бірінші орынбасары В. В. Кузнецов, ССРО-ның Индия Республикасындағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі М. А. Меньшиков, ССРО Сыртқы Істер Министрлігі Протокол бөлімінің меңгерушісі Ф. Ф. Молочков бірге келді.

Индия Республикасы мен ССРО-ның мемлекеттік жалауларымен безендірілген аэродромда Джавахарлал Неруді және оның қасына ерген адамдарды Украина ССР Министрлер Советінің Председателі Н. Т. Кальченко, УССР Сыртқы Істер Министрінің орынбасары С. А. Слипченко, еңбекшілер депутаттарының Қырым облыстық Советі атқару комитетінің председателі М. Г. Кузьменко, Украина КП Қырым облыстық комитетінің бірінші секретары Д. С. Полянский, Симферополь қалалық Советі атқомінің председателі Н. Н. Катков және журтшылық пен баспасөздің көптеген өкілдері қарсы алды.

Советтік Украинаның үкметі мен еңбекшілері атынан Индияның Премьер-Министрін Украин ССР Министрлер Советінің Председателі Н. Т. Кальченко шын жүректен құттықтады. Балалар Премьер-Министр Неруге және оның қызы Индира Гандиге гүл шоқтарын сыйлады. Оркестр Индия Республикасының, ССРО-ның және УССР-дің гимндерін орындады.

Аэродромнан қалаға баратын жолдың бойында Симферопольдің тұрғын халқы қонақтарды жылы шыраймен құттықтады.

Бүгін Қырымға сонымен қатар Совет Одағында жүрген біртоп Индия журналистері де келді. Сол күні Премьер-Министр Неру және оның қасына ерген адамдар Қырымның оңтүстік жағалауына жүріп кетті.

УССР Министрлер Советінің Председателі Н. Т. Кальченкода Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Нерудің құрметіне қонақасы берілуі

ЯЛТА, 12 июнь (СОТА). 12 июньде УССР Министрлер Советінің Председателі Н. Т. Кальченко Қырымға келген Индия Республикасының Премьер- Министрі Джавахарлал Нерудің құрметіне қонақасы берді.

Қонақасыда Индия Республикасынын Премьер-Министрі Джавахарлал Неру, оның қызы Индира Ганди, Индия Республикасы Сыртқы Істер Министрлігінің бас секретары Н. Р. Пиллаи, Индия Республикасының Сыртқы Істер Министрлігі Европалық бөлімінің меңгерушісі А. Хуссейн, Индия Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі К. П. Ш. Менон болды.

Қонақасыда сонымен қатар ССРО Сыртқы Істер Министрінің Бірінші орынбасары В. В. Кузнецов, ССРО-ның Индия Республикасындағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі М. А. Меньшиков, ССРО Сыртқы Істер Министрлігі Протокол бөлімінің меңгерушісі Ф. Ф. Молочков, еңбекшілер депутаттарының Қырым облыстық Советі атқару комитетінің председателі М. Г. Кузьменко, Украина КП Қырым облыстық комитетінің секретары Д. С. Полянский, еңбекшілер депутаттарының Ялта қалалық Советі атқару комитетінің председателі А. М. Тарасов болды.

Қонақасы шын пейілді, достық жағдайда өтті.

Облыстық партия комитетінің VI пленумы

10—11 июньде облыстық партия комитетінің VI пленумы болып өтті. Пленумда мына мәселелер талқыланды: облыс колхоздарында, совхоздары мен МТС-терінде көктемгі егістің қорытындылары, егін күтудің және егін жыйнауға әзірліктің барысы туралы, облыс колхоздары мен совхоздарында мал қыстатудың қорытындылары, мал шаруашылығын өркендету жоспарын орындау және мал азығын дайындау жөніндегі шаралар туралы; саяси және ғылми білімдер тарату жөніндегі Қоғамның облыстық бөлімшесінің жұмысы туралы.

Пленумның жұмысына МТС, совхоз директорлары, колхоз председательдері қатысты.

Бірінші мәселе жөнінде облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы **Коробов** және совхоздар тресінің директоры **Корнилович** жолдастар баяндама жасады.

Баяндамашылар және жарыссөзде сөйлеуші жолдастар село еңбекшілерінің партия мен үкметтің ауыр өнеркәсіпті онан әрі өркендету, осының негізінде ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру, таяудағы жылдары елімізде жыл сайын астық өнімінің жалпы түсімін 10 миллиард пұтқа дейін жеткізу және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді екі, екі еседен аса арттыру жөніндегі қарарларын қызу қарсы алғанын хабарлады.

Коробов жолдас облысымызда колхоз даласы егіншілерінің партия мен үкметтің қамқорлығына жауап ретінде үстіміздегі жылы мол өнім жыйнауға, елімізге 24 миллион пұт астық, 660 мың тонна ет, 40 миллион килограмм сүт және 90 мың пұттан астам шошқа етін беруге міндеттенгенін атап көрсетті. Көктемгі егіс алдында партия ұйымдары зор көлемде саяси және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Ауыл шаруашылығында жоспарлаудың жаңа тәртібі бұқараның инициативасын көтеріп, колхозшылардың алдында қоғамдық шаруашылықты өркендетудің зор перспективаларын ашты.

Үстіміздегі жылғы көктемнің ерекшелігі трактор парктерінің маневрлі жұмыс істеуін талап етіп еді. Алайда, бірқатар МТС-тердің басшылары егістің алғашқы кезінде мұны ескермеді, тракторлардың бос тұруына жол берді. Октябрь ауданының МТС-терінде тұқым мен жанар майдың кезінде жеткізілмеуі себепті тракторлардың бос тұруы өте көп кездесті.

Елеулі кемшіліктердің бірі картоп отырғызу жоспарының орындалмауы болып табылады. Булаев, Ленин, Совет аудандарының колхоздары картоп отырғызу жөніндегі жоспардың небары үштен бірін ғана орындады.

дар колхоздардың ішкі жұмысымен шұғылданбайды, ауылшаруашылық артельдерінің қоғамдық шаруашылықтың бай резервтерін пайдалануына көмектеспейді, бірқатар колхоздарды даярлығы кем кадрлар басқарады. СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі артта қалған колхоздарды нығайту жөнінде зор жұмыстар жүргізіп отыр. Біздің ауданда 24 коммунист, соның ішінде аудандық партия комитетінің 5 секретары, бір МТС директоры, деревняға тұрақты жұмысқа жіберуді сұрап, өтініш берді. Ал облыстық партия комитетінің, облыстық Совет аткомінің, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының аппараттарынан колхоздардың председательдігіне қанша адам жіберілді? Бірде-бір адам жіберілмеді. Отызмыңшыларды іріктеп алу ісіне бұлай формальды қарау облыстық партия комитетінің колхоздарды басшы кадрлармен нығайту ісіне жеткіліксіз қамқорлық жасап отырғанын көрсетеді.

—Аудан колхоздары, —деп мәлімдеді Ленин аудандық Совет аткомінің председателі **Қабдунасов** жолдас, —егінді, ең алдымен жүгеріні баптап-күту жұмысына кірісті.

Кәзір егіннің көктеп өсуі жақсы, ол мол өнім берерліктей. Бірақ аудан оны жыйнауға қанағаттанғысыз әзірленіп отыр. Комбайндарды жөндеу жоспары аудан бойынша небары 34 процент қана, ал Образцовой және Куйбышев атындағы МТС-терде мұнан да кем орындалды. Қабдунасов жолдас комбайндарды жөндеу қарқынының баяу болуы аудандық Совет аткомі мен аудандық партия комитетінің МТС басшыларына талапты төмендетіп алғандығының салдары екенін мойындады.

Жаңа астықты қабылдау үшін сыйымдылығы 48 мың тонналық 15 астық қоймалары, 4,8 мың шаршыметр асфальтталған алаңдар қажет. Бұл жұмыстардың орындалуы бүгінге дейін 26 проценттен аспай отыр. Солай бола тұрса да, «Заготзерноның» облыстық мекемесі құрылыс жұмыстарының қарқынын күшейтуді ұмыт қалдырды.

Булаев аудандық партия комитетінің секретары **Курлов** жолдас өзінің сөзінде аудан еңбекшілерінің өндірістік белсенділіктері туралы хабарлады. Кеш түскен көктемнің қыйыншылықтарын жеңе отырып, механизаторлар мен колхозшы шаруалар көктемгі егісті 12-14 жұмыс күні ішінде аяқтады. Ауданда алғашқы рет жүгері бүкіл 7 мың гектар алаңда шаршы-ұялы әдіспен отырғызылды.

Бірақ көктемгі егіс —мол өнім үшін күрестің алғашқы кезеңі ғана. Кәзір жауапты кезең—егін күту және егін жыйлар мен бригадалар арасындағы жолдарды түзету жұмыстарының жайын айтты.

Октябрь аудандық партия комитетінің секретары **Потютко** жолдас көктемгі егістің қорытындысын баяндады. Үстіміздегі жылы ауданның колхоздары мен совхоздары 350 мың гектар жазғы егіс екті. Көктемгі егіс кезінде ондаған трактор бригадалары, жүздеген механизаторлар мен колхозшылар қажырлы еңбектің өнегесін көрсетті. Солай бола тұрса да, көктемгі дала жұмыстарында елеулі кемшіліктер де болды. Ол кемшіліктердің бастысы мынада: аудан көктемгі егісті ұзаққа созып, 1 июньде аяқтады. Соның өзінде Тимирязев және Интернационал совхоздары егіс жұмыстарының жоспарын орындай алмады. Мұның себебі өткен жылы дайындалған жердің есебі артық беріліп, көктемде ол мәліметтегіден анағұрлым кем болды. Аталған совхоздардың басшылары өткен жылы көтерілген тыңның есебін жүргізуге жауапсыз қарады, олар көзбояушылыққа салынып, мемлекеттік қаржыны орындалмаған жұмыстар үшін төледі.

Соңғы кезде аудандық партия комитеті аудан еңбекшілерін егін күтуді және егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын үлгілі өткізу мақсатына жұмылдыру жөнінде бірқатар ұйымдастыру шараларын жүзеге асырды.

—Алайда, —деді Потютко жолдас, —ауданда мүмкіндігі жоқ, облыста шешуді қажет ететін мәселелерге тоқталғым келеді. Әңгіме «Заготзерно» пункттерінің құрылысында болып отыр. Біздің ауданда жоспар бойынша сыйымдылығы 125 мың тонна 34 қойма салыну керек. Ал кәзір небары 10-ақ қойма салынып жатыр, ал қалғандары осы уақытқа дейін басталған да жоқ. Әзірге басталған құрылыс жұмыстарының жоспарын орындау үшін 4 мың тонна түрлі құрылыс материалдарын жеткізу керек. Бұл үшін кемінде 125 автомашина қажет. Бізде небары 15-ақ машина бар. Қалған транспортты қайдан алу керек, белгісіз. Облыстық партия комитеті мен облыстық Совет аткомі бізде, тың игеретін ауданда, астық қоймаларының құрылысы жөніндегі мәселені кеңінен ойластырып шешуге тиіс.

Потютко жолдас сөзінің соңында облыстық ұйымдардың жұмыс стилін сынға алды.

Булаев ауданы, Жданов атындағы совхоздың директоры **Назарцев** жолдас жаңа шаруашылықты ұйымдастыру жөніндегі тәжрибесін ортаға салды.

—Біздің совхоз быйыл жазғы егістің тапсырмасын толық орындады. Көктемде өткен жылы дайындалған 24 мың гек-

Приешім ауданы, «Интернационал» колхозының председателі **Ворошилов,** облыстық партия комитетінің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлім меңгерушісі **Морозова,** Қызыләскер совхозының директоры **Даулатов,** «Заготзерно» мекемесінің бастығы **Букат,** «Ленинское знамя» газетінің редакторы **Гусев,** облыстық Совет аткомінің председателі **Оспанов** жолдастар қатысты.

Облыс колхоздары мен совхоздарында мал қыстатудың қорытындылары, мал шаруашылығын өркендету жоспарын орындау және мал азығын дайындау жөніндегі шаралар туралы облыстық партия комитетінің секретары **Подгорбунский** жолдас баяндама жасады.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысымен қаруланған облыс колхоздары мен совхоздары астық және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жөнінде қажетті шараларды жүзеге асырып келеді.

Алайда, мойындау керек, облыстың бірқатар колхоздары мен совхоздарында мал шаруашылығының жайы қанағаттанғысыз болып отыр. Мал басын өсіру жөніндегі мемлекеттік жоспар жыл сайын орындалмай келеді. Жемшөп өндіру мен дайындаудың артта, мал күтімінің нашар болуы салдарынан мал шаруашылығының өнімділігі төмен болып отыр. Сондай-ақ малдың көп шығын болуы да мал шаруашылығын өрге бастыру ісіне нұқсан келтірмей отырған жоқ. Жекелеген аудандарда соңғы кезде мал шаруашылығындағы істің жайы нашарлап кеткені сонша, үстіміздегі жылы мал шаруашылығын өркендету жоспарының орындалмай қалу хауіпі туды. Қоғамдық мал шаруашылығының жайы Октябрь, Мамлют, Приешім аудандарының колхоздары мен совхоздарында мүлде нашар болып отыр.

Қысқы маусымда шығын болған мал басын толық сақтау, жас төлдерді шығынсыз өсіру есебінен, сондай-ақ мал жайылымын дұрыс ұйымдастыру есебінен толықтырылуы керек. Облыс колхоздары мен совхоздарында малды жазда бағып-күту шараларын дұрыс ұйымдастыратын болсақ, сауын сыйырларды лагерьлеп бағуға көшірсек, көкшөп конвейерін енгізсек, үстіміздегі жылы сауын сыйырлардың құнарлылығын еселеп арттыруға толық мүмкіндік бар. Облыстың озат мал өсірушілері мен шаруашылықтарының тәжрибелері міне осыны дәлелдейді.

Мұнан кейін баяндамашы үстіміздегі жылда мал шаруашылығын өркендетудің жоспарын орындаудың жолдары мен міндеттері туралы айтты.

Пленумға қатысушылар Соколов ауда-

облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімін және оның меңгерушісі Журавлев жолдасты қатты сынға алды.

—Журавлев жолдастың жұмысты нашар істейтіні жөнінде жалпы әңгімеден гөрі ол туралы нақтылы қорытындыға келетін уақыт жетті,—деді Хитрин жолдас.— Ауыл шаруашылығы бөлімінің аппараты, расын айтқанда, аудандық комитеттерден обком секретарьларына берілетін мәліметтерді жыйнайтын диспетчерлік пунктке айналды. Соның өзінде ол диспетчерлік пункттердің сорлысы болып отыр.

Булаев аудандық атқару комитетінің председателі **Қизатов,** Конюхов аудандық партия комитетінің секретары **Макаров** жолдастар Журавлев жолдасты бұқарадан, партия ұйымдарынан қол үзгендігі үшін сынады.

Қалалық партия комитетінің секретары **Полипов** жолдас қала партия ұйымының ауыл-селоға көмегі жеткіліксіз екені жөнінде айтылған сынды мойындады.

—Сын ретінде айта кету қажет, —деді шешен, —қаланың селоға көрсеткен көмегін ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің бірқатары дұрыс пайдаланбайды. Өткен жылы егін жыйнауға әзірлік кезінде қала кәсіпорындары 200-ден астам жоғары өнімді веялкалар әзірлеуге заказ алды. Бірақ, амал не, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы заводтарды техникалық документтермен қамтамасыз етпеді. Сондықтан бірқатар колхоздарға берілген веялкалардың сапасы төмен болды. Ол ол ма, вагон участогі дайындаған 40 веялканы жыл бойы ешкім алмады. Быйыл қар жыртқыштар жөнінде де осындай жағдай кездесті.

Қала алдағы уақытта селоға мынадай көмек көрсетпек: таяудағы 15-20 күн ішінде жүгеріні сүрлеу үшін 200-ден астам бетонды батарея салынады. Июнь, июль айларында колхоздарда 77 жабық қырман, 32 астық қоймасы, 15 овощь сақтайтын орын және кемінде 20 мал қорасы салынады.

Полудень ауданы, Киров атындағы колхоздың председателі **Чуклин** жолдас артель мал өсірушілерінің еңбектегі табыстары туралы хабарлады. Өткен жылы колхоз барлық фермалар бойынша мал өсіру жөніндегі жоспарды толық орындады, мал шаруашылығының өнімділігі анағұрлым артты. Колхоз быйыл да мал шаруашылығын өркендету жөніндегі жоспарды артығымен орындап, елеулі табыстарға ие болды.

Алайда, колхозшы шаруалар қол жеткен табыстарға масаттанбайды. Олар өздерінің жұмысына сын көзбен қарайды.

Шешен пленумға қатысушылардың на-

мы немесе МТС және совхоздар жөніндегі аудандық бөлімшелердің уәкілдері лекциялық насихаттың жайы мен оның барысына жан-жақты талдау жасап, онан тиісті қорытынды жасамайды. Осының салдарынан бірқатар колхоздар мен совхоздарда, МТС-терде, кәсіпорындарда, транспортта лекциялар сирек оқылады. Бұл жағдайдың көбінесе Приешім және Мамлют аудандарына қатысы бар. Аталған аудандарда әсіресе экономикалық білімдер, өнеркәсіптің, транспорттың, сауданың және финанстың нақтылы экономикасы жөніндегі білімдер нашар таралады. Әлі де болса маркстік-лениндік теорияның актуальды мәселелері жөніндегі лекциялар жеткіліксіз оқылып жүр.

Мұның себебі облыстық және аудандық бөлімшелердің идеологиялық жұмысты жете бағаламауларының салдарынан, сондай-ақ бұл салаға партия комитеттері тарапынан басшылықтың қанағаттанғысыз жасалуынан болып отыр. Пленумға қатысушылар қоғамның облыстық бөлімшесінің жұмысын міне осы тұрғыдан сынады.

Қоғамның облыстық бөлімшесінің жауапты секретары **Сошникова** жолдас лекциялық насихаттың мазмұнына тоқталды. Қоғамда 775 мүше бар. Олардың ішінде 640 адам селолық жерлерде жұмыс істейді. Алайда, біздің мүмкіншілігіміз толық пайдаланылмай келеді, деді ол. Бірқатар аудандық бөлімшелерде лекциялардың сапасы талқыланбайды. Бізде тақырыпта болса да лекция оқуға құмар, бірақ өзі алған тақырыпты жақсы білмейтін лекторлар да жоқ емес.

Қоғамның облыстық бөлімшесінің басты міндеттерінің бірі ауылшаруашылық білімдерін насихаттау болып табылады. Бұл салада ғылми-өндірістік конференциялар өткізудің зор маңызы бар. Қоғамның қаладағы мүшелері үстіміздегі жылы 300-ден астам лекциялар оқыды. Бірақ мұнан қалада лекциялық насихатты ұйымдастыруда кемшіліктер жоқ деген ұғым тумайды. Мұнда әсіресе ғылми-техникалық насихаттың жайы нашар. Бұл жөнінде қалалық партия комитеті де кінәлі. Өйткені ол істің жайын тексеріп, қоғамның жұмысына көмектеспейді. Жақында қалалық партия комитеті еңбек өнімділігін арттыру жөнінде арнаулы кеңес өткізді. Неге екені белгісіз, бұл кеңеске қоғамның облыстық бөлімшесінің басшыларынан ешкім шақырылмады.

Осы сыяқты, облыстық партия комитеті де қоғамның облыстық бөлімшесі, облыстық лекциялық бюро, лекторлар топтары жүргізіп отырған насихат жұмысын бір арнаға келтіруді қамтамасыз етпей келеді. Соның салдарынан лекциялар

аудандық партия комитеттері, аудандық атқару комитеттері колхоздар мен МТС-терге оперативті басшылық еткен болса, көктемгі егісті өткізудегі бұл және басқа да кемшіліктер орын алмаған болар еді. Көптеген мамандармен байланыстың нашар болуы мынаған әкеліп соқты: бірқатар МТС-тердің колхоздарға бекітілген агрономдары отамалы дақылдардың егісін ұйымдастыруды білмеді, олар шаршы-ұялы әдісті бұрмалады.

Мұнан кейін баяндамашы егінді күту мәселесіне тоқталды.

Астық өндірісін ұлғайтудың маңызды бір қайнар бұлағы тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру болып табылады. Баяндамашы пар жыртудың, тың игерудің барысына талдау жасады.

Коробов жолдастың баяндамасында егін жыйнауға әзірліктің барысына көп назар аударылды.

Совхоздар тресінің директоры Корнилович жолдас облыс совхоздарында дәнді дақылдар егісінің көлемі өткен жылға қарағанда 427 мың гектар өскенін, совхоздар 11 мың гектар жүгері егісін еккенін хабарлады.

Алайда, совхоздар көктемгі егістің қарқыны жағынан колхоздардан кейін қалды. Баяндамашы егін жыйнауға әзірліктің, сондай-ақ тың және тыңайған жерлерді игерудің барысына талдау жасады.

Преснов аудандық партия комитетінің секретары **Долженко** жолдас сөз сөйледі. Ол былай деді:

—Біздің ауданның колхоз, совхоздары мен МТС-терінің жұмысшылары мен қызметшілері СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын зор жігермен қарсы алып, оны жүзеге асыру жолында қажырлылықпен күресуде. 25 майда колхоздар мен совхоздарда көктемгі егіс жоспары 101,1 процент орындалып, өткен жылға қарағанда 133 мың 264 гектар егін артық себілді. Жүгері егісінің көлемі еселеп артты.

Долженко жолдас егін жыйнауға әзірлік туралы айта келіп, жабық қырмандар мен жаппалар құрылысын жүргізу жөнінде тәжрибе ауысты. Ауданда бұл жұмысқа механизаторлар кеңінен қатыстырылып отыр. Әрбір трактор бригадасына қырмандар мен жаппалар жасау жөнінде тапсырмалар берілген.

Өткен жылы бірқатар комбайндарда сабан жыйнағыштар болмады. Осы себепті егіс даласында едәуір аланда сабандар жыйналмай қалды. Долженко жолдас Мамлют жөндеу заводына МТС-тер үшін қажетті мөлшерде сабан жыйнағыштар әзірлеу жөнінде тапсырма беру туралы ұсыныс енгізді.

Мұнан кейін шешен колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту мәселесіне тоқталды. Бірқатар МТС-тер әлі де болса ескі әдіспен жұмыс істейді, өздерінің жұмысын жұмсақ жердің гектарына қарай өлшейді. Директорлар мен мамандардың егін жыйнауға әзірлік жұмыстары басталды. Аудан бойынша егін күтуде 500 адам, жүгерінің қатараралықтарын өңдеуде 45 культиватор жұмыс істеп жүр. Әрине, бұл мүлдем жеткіліксіз. Курлов жолдас облыстық ұйымдардан егін күту ісіне қала еңбекшілерінің көмек көрсетуін сұрады.

Егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыру үшін ауданда бірқатар астық тазалайтын машиналар жетіспейді. Бұл құрал-жабдықтар әсресе жаңа астық совхоздарында жоқтың қасы деп айтуға болады.

—Біздің ойымызша,—деді Курлов жолдас, —жаңа совхоздардың қажетін облысымыздың өзінде-ақ шешкен жөн. Бұл үшін қаладағы заводтарға күрделі вязалкалар жасау жөнінде заказдар беру қажет.

Шешен қаланың селоға көмегі жөніндегі мәселеге тоқталды.

—Біздің ауданның колхоздарын, —деді Курлов жолдас, —қаланың жеті өнеркәсіп орындары мен мекемелері және аудан орталығындағы сегіз ұйымдар қамқорлыққа алған. Кәзір аудандық байланыс мекемесінің коллективінен басқа бұлардың бірде-бірі колхоздарға көмек көрсетіп отырған жоқ. Бұған тіпті де төзуге болмайды.

Курлов жолдас жұмысты кеңсешілдік-төрешілдік әдіспен жүргізетіні үшін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мен совхоздар тресін сынға алды. Ол Жданов атындағы совхоздың директорына совхоздар тресі жіберген телеграмманы оқыды.

Совет ауданы, Ленин атындағы колхоздың председателі **Бутенко** жолдас өзінің сөзінде астық тазалау жұмысын механикаландыру, жабық қырмандар құрылысының, комбайндарды жөндеудің қарқынын күшейту мәселелеріне тоқталды.

Астық тазалайтын машиналардың жеткіліксіз болуы өткен жылы егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру мәселелеріне үлкен бөгет жасады. Быйыл біздің колхозда егіс көлемі, деді Бутенко жолдас, есі есе артып, ол 8 мың гектарға жетті. Орта есеппен алғанда біздің шаруашылық кемінде 100 мың центнерден астам астық жыйнауға тиіс. Мұндай көп астықты біз қолмен тазарта алмаймыз. Совет МТС-і қырмандарды механикаландыру ісіне кәзірден бастап кірісуге тиіс. Астық қырмандарын механикаландыру, еңбек өнімділігін арттыруға және колхозшылардың еңбегін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Сауда ұйымдары мен «Сельхозснаб» мекемесі колхоздардың қажетін өтеу ісінен әлі де болса тыс қалып келеді. Біздің колхозға автоматты таразы қажет, бірақ сауда орындарында болмағандықтан оны сатып ала алмай отырмыз. Бутенко жолдас сөзінің қорытындысында ауыл-селоны көркейту мәселесіне тоқталып, өзі басқарып отырған колхоздың орталығы—Рублевка селосында жүргізілген көшелерді көгалдандыру, фермаларға егін егілді. Біз Возвышен, Совет совхоздарына көктемгі егіс кезінде мың гектар жер жыртып беріп, көмек көрсеттік.

Көктемгі егістің нәтижелері мынаны көрсетті: совхоз коллективі егіске өткен жылы ойдағыдай әзірленіп, үстіміздегі жылы астық үшін күрестің алғашқы кезеңін үлгілі өткізді. Кәзір біздің алдымызда бітік егін өсіру, мол өнім жыйнау, мемлекетке астықты көптеп беру міндеті тұр. Бұл нәтижелер жаңа совхозды ұйымдастыру және оған басшылық ету туралы кейбір қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Әңгіме міне осы жөнінде болғалы отыр. Атап айту қажет, соңғы уақытқа дейін жоспарлау мәселесі дұрыс жүргізілмей келді. Біздің совхозда алғашқы күндерден бастап шаруашылықтың әртүрлі салаларының болмауы техниканың бос тұруына жол берді. Шаруашылықты бұлай ұйымдастыруға болмайды. Астық совхоздарында мал шаруашылығын енгізу, сөйтіп шаруашылықтың әр салалы болуына жетісу қажет. Осылай болған күнде ғана техника мен адам күшін жылдың барлық маусымында толық пайдалануға болады.

Сонымен қатар жаңа совхоздарды қаржыландыру мәселесінде туып отырған қыйыншылықтарды да дереу шешу қажет. Бізге қаржы ескі совхоздар ретінде беріліп келеді. Демек, ол дала жұмыстарының маусымды кезінде ғана дұрыс беріледі. Ал, кәзір, көктемгі егістен кейінгі кезде совхоз қажетті мөлшерде қаржы ала алмай отыр. Совхоздарды қаржыландырудың мұндай теріс практикасы жұмысқа көп нұқсан келтіреді.

Еңбек нормасын белгілеуде де кемшіліктер кездеседі.

Приешім аудандық партия комитетінің секретары **Ординарцев** жолдас колхозшы шаруалар мен механизаторлардың, совхоз қызметкерлерінің көктемгі егіс кезіндегі қажырлы еңбектері туралы айтты.

—Тәжрибе ауысу ретінде айта кетуге болады, —деді ол, —біз көктемгі егісті уәкілдерсіз өткіздік. Бұл өзінің тиісті нәтижесін берді, партия, совет, шаруашылық қызметкерлерінің тапсырылған жұмысқа жауапкершілігін арттырды.

Кәзір біз мамандардың жауапкершілігін арттыру мәселесін көтеріп отырмыз. Жасыратыны жоқ, аудандық комитеттің қызметкерлері кейде дала жұмыстарының кезеңдерін есептеу, агротехникалық мәселелерді шешу сыяқты жұмыстармен шұғылданады. Мамандардың жұмысын аудандық комитетке, партия ұйымдарына көмек ететіндей етіп ұйымдастыру қажет.

Ординарцев жолдас сөзінің соңында «Ленинское знамя» газетінің редакциясын сынады. Ол редакцияның кейбір қызметкерлерінің Приешім ауданының колхоздарындағы істің жайын жазуға үстірт қарағандығы жөнінде мысалдар келтірді.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылауға Капицев жолдастың сөзін зор ынтамен тыңдады. 1954 жылы бұл шаруашылық ауылшаруашылық өнімдерінің барлық түрін тапсыру жөнінде мемлекетпен күні бұрын есеп айырысып, мемлекеттік сатып алу орындарына 11 мың пут астық, 1400 центнер сүт, 770 центнер ет сатты. Артельдің өткен жылғы табысы 1 миллион сомнан асты, оның ішінде мал шаруашылығынан 867 мың сом табыс алынды. Колхозшылардың әрбір еңбеккүніне екі килограмнан астық және төрт сомнан ақша берілді.

Артель шаруашылығын онан әрі өркендетудің шараларын ойластыра келіп, колхозшылар астық және мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің январь Пленумы белгілеген мөлшерін таяудағы екі-үш жылда орындауға ұйғарды, —деп мәлімдеді Капицев жолдас. —Быйылдың өзінде біз тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен қосымша 12 мың центнер астық алғалы отырмыз. Колхоз мал шаруашылығының қажеті үшін 280 гектар жүгері, 212 гектар қара бидай, 500 гектарға жуық малазықтық дақылдар екті.

Капицев жолдас қоғамдық мал шаруашылығының қажетіне құлақ аспағаны үшін Соколов МТС-нің басшыларын сынады.

Конюхов аудандық партия комитетінің секретары **Макаров** жолдас жемшөп базасын нығайту мәселелеріне тоқталды.

Мамлют аудандық партия комитетінің секретары **Хитрин** жолдас өзінің сөзін ауыл шаруашылығы өндірісін жоспарлаудың жаңа тәртібіне арнады. Облыс бұл істе көп кемшіліктерге жол беріп отыр, қажетті шаралар жергілікті жерлердің жағдайы еске алынбай белгіленеді. Мәселен, біздің ауданда, деді шешен, биязы жүнді қой шаруашылығын өркендету үшін мүмкіншілік жеткілікті. Бірақ, не пайда, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бұл мүмкіндікті жүзеге асыру жөнінде ешбір шара қолданбай келеді.

Күрделі мәселелердің бірі жемшөп дайындау болып табылады. Колхоздар кәзірдің өзінде өткен жылдың қателіктерін қайталап отыр. Біз қай жерден болса да ауданға шабындық жерлер бөлу жөнінде мәселе қойдық. Бұл жөнінде кәзірден бастап қамқорлық жасау қажет.

Ауданда бар резервтерді сарқа пайдалану ісін де естен шығармау керек. Біздің ауданда Сенжарка елді пунктінен басқа жерлерде жазық жерлерді кездестіре алмайсыз. Мұның өзі егістік, шабындық жерлерді өңдеуге белгілі қыйындық туғызады. Біз жер көлемін шаруашылық құрылысқа бейімдеуді сұрадық. Алайда, облыстық жоспарлау мекемесі мен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы шаруашылық үшін ешбір маңызы жоқ, қыйсық, аласа және селдір өскен қайың шоқтарды қыйып өңдеу есебінен егістік, жайылымдық даланы кеңейту мәселесін әртүрлі түсіндіреді.

Пленумда сөз сөйлеушілердің бірқатары шаруашылықтарын құнарлы мал азығын мол дайындау ісіне аударды. Өткен жылы біздің колхоз, деді ол, машина-трактор станциясының кінәсінен жемшөп сүрлеу ісін ұйымдастыра алмады. Бұл қателікті быйыл қайталамауымыз керек. Осыны ескеріп, ор, траншея қазу жұмыстарын кең көлемде жүргізудеміз.

Соколов аудандық партия комитетінің секретары **Брикунов** жолдас қыста малдың көп шығын болуына жол бергені үшін аудан партия ұйымына айтылған сынды мойындап, кәзір аудандық партия комитетінің мал шаруашылығына басшылықты біраз жақсартқанын хабарлады.

Брикунов жолдас ағаштың жапырақтары мен бүршіктерін мал азығына пайдалану жөнінде мәселе көтерді. Соколов ауданында ну ормандар көп. Солай бола тұрса да, бірқатар колхоздар ағаштың жапырағы мен бүршіктерін мал азығына пайдалана алмай келеді. Өйткені бұл жөнінде жоғарғы орындардың рұқсаты керек. Сондықтан облыстық ұйымдар бұл мәселені шешуге тиіс.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Октябрь аудандық Совет атқомінің председателі **Мусин,** Приешім аудандық Совет атқомінің председателі **Савинов,** Дайындау министрлігінің облыстық өкілі **Мохначев,** облыстық кәсіпшілер одағы Советінің председателі **Цимбал** жолдастар да сөз сөйледі.

Пленум саяси және ғылми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімшесінің жұмысы туралы мәселе талқылады. Бұл мәселе жөнінде облыстық партия комитетінің секретары **Лосев** жолдас баяндама жасады.

Соңғы кезде лекциялық насихаттың жайы біраз жақсарды. Үстіміздегі жылдың өткен бес айында облыстық бөлімше білімнің әртүрлі салалары бойынша 1700-ден астам лекция, соның ішінде селолық жерлерде 1354 лекция ұйымдастырды. СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысына сәйкес облыстық бөлімше ауылшаруашылық білімдерін насихаттауды күшейтті. Үстіміздегі жылы бұл тақырыпта 300-ден астам лекциялар оқылды. Облыстық бөлімшенің ауылшаруашылық секциясы лекция оқудан басқа тақырыптық семинарлар, кеңестер өткізу арқылы ауыл шаруашылығы озаттарының тәжрибе ауысуын ұйымдастырып, ауылшаруашылық білімдерін таратудың ең қолайлы түрлерін жүзеге асырып келеді. Үстіміздегі жылы март айында облыстық бөлімше аудандық партия комитеттерімен бірлесе отырып, барлық аудандарда тақырыптық семинарлар және жүгері өсіру жөнінде кеңестер өткізді. Колхоздарда ғылми-өндірістік конференциялар жиі өткізілетін болды.

Алайда, бөлімшенің жұмысында елеулі кемшіліктер әлі де бар. Облыстық бөлімшенің жұмысы еңбекшілерді тәрбиелеу жөніндегі талаптан кейін қалып келеді. Мәселен, облыстық бөлімшенің президиуминің қайталанып оқылып та жүр. Мәселен, біздің облыс жағдайында жүгері өсірудің агротехникасы туралы лекцияны қоғамның облыстық бөлімшесі де, облыстық лекциялық бюро да әзірледі.

— Қоғамның облыстық бөлімшесінің жақында болып өткен конференциясы, — деп бастады өзінің сөзін Ленин аудандық бөлімше басқармасының председателі **Ғаббасов** жолдас, —жұмыстағы елеулі кемшіліктердің бетін ашты. Аудан колхоздары мен совхоздарында қазақ тілінде лекциялар оқу. ұйымдастырылмады.

Қоғамның мүшелері үстіміздегі жылы колхоздар мен совхоздарда ауылшаруашылық тақырыптарына арнап 180 лекция оқыды. Ол лекциялардың тақырыптары СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысы, Мальцевтің топырақ өңдеу жөніндегі әдісі, жүгері өсірудің агротехникасы, колхоздардың озат сауыншыларының тәжрибелері жөнінде болды. Жақында аудандық партия комитеті лекциялық насихатты жолға қою жөнінде арнаулы қарар қабылдады.

Петропавл аудандық бөлімшесінің председателі **Декастро** жолдас ауыл шаруашылығы білімдерін таратудың жайына тоқталды. Ауданда оқылған лекциялардың үштен бірі ауылшаруашылық тақырыптарына арналды. Ауданда лекциялық насихат жүргізуге ынталана қатысып жүрген жолдастар аз емес. Мәселен, Петропавл совхозының директоры Горбунов жолдас тексті даяр лекцияларды оқып қана қоймай, жергілікті жердің өміріне байланыстырып, өзі де лекция әзірлейді.

Соколов аудандық бөлімшенің председателі **Лапина** жолдас кейбір лекторлардың лекцияны колхоздың, совхоздың, кәсіпорынның алдында тұрған нақтылы міндеттермен байланыстыра білмейтінін айтты. Сонымен қатар ол Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушыларды лекциялық насихатқа қатыстырудың қажеттігіне тоқталды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Приешім аудандық бөлімшесінің председателі **Васильев,** облыстық милиция басқармасы бастығының саяси жұмыстар жөніндегі орынбасары **Вдовин** жолдастар сөз сөйледі.

Пленум қаралған мәселелер жөнінде тиісті қарарлар қабылдады.

Пленумның соңында облыстық партия комитетінің бірінші секретары **Попадько** жолдас сөз сөйледі.

Пленум жұмысына Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюро мүшесі, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Ж. Тәшенов** жолдас қатысып, сөз сөйледі.

* * *

Пленумға қатысушылар Петропавл ауданы «Луч Ленина» колхозының теплицасында болды, Мамлют совхозының, мал фермаларының жұмыстарымен танысты.

Жүгеріні күтіп-баптау үлгілі ұйымдастырылсын

☆ ☆

Егінді тыңғылықты күту—мол өнім шарты

Біздің бригаданың мүшелері ауылшаруашылық жұмыстарын атқаруда тракторлардың күшін тиімді пайдаланып, үнемі жаңа табысқа ие болуда. Өткен жылы бригада «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында 2300 гектар тың көтерді. Жер жырту және оны жұмыстау агротехниканың талаптарына сәйкес жүргізілді.

Бригада коллективі өткен жылдың қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, үстіміздегі жылдың көктемгі егісін де ұйымшылдықпен өткізді. Жоспардағы 1575 гектар орнына, 1955 гектар жаздық дақылдар ектік. Сол сияқты өткен жылға қарағанда биыл малазығындық дақылдар егісінің көлемі де едәуір ұлғайтылды. Тек жүгерінің өзі ғана 93 гектар жерге егілді. Бұл істе тракторшы Қабиден Әбішов жолдастың еңбегі ерекше көзге түсті. Ол жүгері егуде шаршы-ұялы әдісті кеңінен қолданып, жұмыстың сапасына айрықша маңыз берді.

Қазіргі уақытта тракторшылар тың есебінен пар жыртуға кірісті. Бұл істе тракторшылар Т. Трелин, Ә. Әбілмәжінов жолдастар қажырлы еңбек етіп жүр. Сонымен бірге бригада мүшелерінің бірқатары егін күту жұмысына жұмылдырылған. Тракторшы Қ. Әбішов жолдасқа өзі еккен 93 гектар жүгерінің қатараралығын баптау тапсырылды. Ол бұл іске «У-2» тракторы мен культиваторды өнімді пайдаланып келеді. Қазірдің өзінде алғашқы 30 гектар жүгеріге культивация жүргізілді. Ал, арамшөптің шығуына қарай жүгері егісінің қатараралықтары культиватормен бірнеше рет өңделеді. Сонымен бірге жүгеріні жегенелеу жұмысы да ұйымдастырылды. Бұл іске колхозшылар кеңінен қатысуда.

Біз жүгеріні екінші рет баптауды өсімдікке 6-7 жапырақ пайда болғаннан соң ұйымдастырамыз. Бұл кезде культивация 6-8 сантиметр тереңдікте жүргізіледі. Егер егіс алаңына арам шөптер шыға беретін болса, онда біз культивация жүргізуді тоқтатпаймыз.

Егінді күтуде жүгерінің өгей бұтақтарын (жапырақтарын) отау ісінің маңызы ерекше зор. Мұндай бұтақтар 10-15 сантиметрден артық өспей тұрып орталынады.

Мал шаруашылығының өркендеуі жемшөптің берік базасын жасауға тығыз байланысты. Ал, бұл істе жүгеріден мол өнім алу—маңызды шарт. Сондықтан біздің бригаданың механизаторлары өздерінің барлық мүмкіншіліктерін жүгеріні агротехникалық ережелерге сәйкес күтуге жұмсап, одан мол өнім алынуын қамтамасыз етеді. Бұл үшін жүгері қолдан тозаңдатылады.

Тракторшылар үстіміздегі жылы жүгеріден көкше күйінде 300-400 центнерден өнім алуға міндеттенген болатын. Олар алған міндеттемелерін абыроймен орындап шығады. Сонымен бірге жүгеріні сүрлеуде де колхозшыларға нақтылы көмек көрсетеді. Біз өзіміздің күшімізбен жүгерінің собығын және паясын сүрлейтін траншеялар мен орлар қазып, оған техника күшін тиімді пайдаланамыз.

Ш. ХАЛЫҚОВ,

Сартомар МТС-нің № 10 трактор бригадасының бригадирі.

2000 тонна сүрлем азық әзірленеді

Конюхов ауданындағы «Новый путь» колхозының колхозшылары алдағы қыста сиыр малын сүрлем азықпен қажетінше қамтамасыз етуге міндеттенген болатын. Колхозшылар алған міндеттемелерін абыроймен орындап шығу үшін бірқатар шаралар белгіледі және оны жүзеге асыруда.

Колхозшылар МТС механизаторларымен бірлесе отырып, көктемде 255 гектар жүгері және 80 гектар күнбағыс екті. Тұқым себу шаршы-ұялы әдіс бойынша жүргізілді. Колхозда бұл дақылдардан мол өнім алу күресі қазіргі уақытта ...шылар Р. Чиресов, В. Васильев және В. Козловцев жолдастар дақылдардың қатараралығын баптауда күнделікті жұмыс тапсырмаларын асыра орындап жүр.

Колхозшылар Мария Кожнева, В. Кудашкина және В. Шишкина жолдастардың басқаруындағы жүгері өсірушілер звеноларының мүшелері де еңбекте тамаша үлгі көрсетіп жүр. Олар жүгеріні жегенелеу жұмысын сапалы жүргізіп келеді.

Механизаторлар егістің қатараралықтарын баптауда ауылшаруашылық маши...

ЖҮГЕРІ

Жаяудың бойынан биік,
Аттының кеудесіне тиіп,
Өсетұғын бір егін бар
Шашақтарын күн нұры сүйіп.

* * *

Жуан собық саусақ-саусақ,
Азығы мол баптап алсақ,
Дәмін татқан колхозшылар
Көп ексек!—деп жүреді аңсап.

* * *

Таныс ауыл жүгерімен
Бұрын бізде аз себілген,
Ет, май, сүттің молшылығы
Тасқындайды жүгеріден.

* * *

Жүгеріні жырға бөлеп,
Ақ алтынға дәнін теңеп,
Біз себеміз даламызға
Агрономдар, сізден көмек!

* * *

Алтын саусақ, күміс құрақ,
Жүгерінің жыры ұзақ
Сұлу қыздай сыландатып
Сылап-сыйпап өсір, бірақ!

Ғалым МАЛДЫБАЕВ.

Алғашқы 100 гектар

Сталин атындағы колхоз Петропавл ауданындағы малды шаруашылықты колхоздардың бірінен саналады. Колхозшылар қоғамдық мал шаруашылығын жедел өркендету арқылы колхоздың ақшалай табысын молайтуда. Өткен жылы мал шаруашылығының кірісі бір миллион сомға жуық болды. Колхоз мемлекетке ет, сүт, жүн, жұмыртқа тапсырудың міндетті жоспарын жыл сайын толық орындап келеді. Мұнымен бірге мемлекеттік сауда орындарына көптеген мал өнімдерін сатуды ұйымдастырып жүр.

Колхозшылар мал шаруашылығын барған сайын өркендету мақсатымен биыл құнарлы жемшөптің берік базасын жасауға міндеттеніп отыр. Олар қазір шөп шабуға кірісті. Бұл істе колхозшыларға Петропавл МТС-нің механизаторлары нақтылы көмек көрсетуде. Тракторшы А. Шрайбер жолдас «ДТ—54» тракторына 4 шөп машинасын тіркеп, шөп шауып жүр. Ол екі жұмыс күні ішінде 100 гектар шөп шапты.

Механизаторлар мен колхозшылар шабылған шөпті жыйнау және маялау жұмыстарына дереу кірісті.

Бұл колхоздың колхозшылары жемшөп дайындау жұмысын егін жыйнау басталғанға дейін аяқтауға міндеттеніп отыр. Олар алған міндеттемелерін іс жүзінде орындап шығады да.

Қ. УСЕНОВ.



Петропавлдың көгалдандыру тресі скверлерге, клумбаларға егу және қала еңбекшілеріне сату үшін 500 мың түп гүл көшеттерін дайындады.

СУРЕТТЕ: гүл өсіруші **Г. Құдайбергенова** гүл көшеттерін отырғызу үшін дайындауда.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Мәдени-ағарту жұмыстарын жақсарта береміз

Ауыл-село еңбекшілерінің арасындағы мәдени-ағарту жұмыстарының негізгі орталығы клубтар, кітапханалар мен оқу үйлері болып табылады. Егер олардың жұмысы ойдағыдай ұйымдастырылатын болса, ауыл-селодағы мәдени-бұқаралық жұмыстардың жақсы жүргізілетіндігі сөзсіз. Ал мұның өзі ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жолындағы аса зор міндеттерді жүзеге асыруға көп көмек береді. Міне осы жағдайды ескере отырып, біздің селолық клуб биылғы жылы едәуір жұмыстар жүргізді.

Колхозымызда биыл 2 трактор бригадасы мен 2 дала бригадасы жұмыс істейді. Дала жұмыстары басталысымен-ақ біз дала қостарын көркемдеп, оларда колхозшылар мен механизаторлардың мәдениетті түрде тынығуына жағдай туғызуды қолға алдық. Клуб советі дала жұмыстары кезіндегі мәдени жұмыстардың жоспарын жасап, әрбір адамға нақтылы тапсырмалар берілді. Дала қостарында ауданымыздың Мамлют ауданымен социалистік жарысында, бригада аралық және жеке механизаторлардың міндеттемелері жазылған плакаттар көрнекті жерлерге ілініп қойылды. Барлық бригада қостары радиоқабылдағышпен, шахмат, дойбы және музыка аспаптарымен қамтамасыз етілді.

Колхозшылар мен механизаторларды жаңа әдебиеттермен үзбей қамтамасыз ...гізіліп, оны басқару мұғалима Вера Буянская жолдасқа тапсырылды. Тек май айында ғана газеттің 4 номері шығарылып, оларда колхоз шаруашылығын өркендету жолындағы аса маңызды міндеттер жайында көптеген мақалалар жарияланды. Газет бетінде озаттардың мақалалары мен мамандардың кеңестері, кемшіліктерді әшкерелейтін сықақ мақалалар жиі жарияланып тұрады. Жауынгерлік листоктар мен «Молниялар» шығару да жүйелі түрде жүргізіледі.

Киров атындағы колхоз—Приешім ауданындағы ірі шаруашылықтардың бірі. Мұнда қажырлылықпен еңбек етіп жүрген озат адамдар көп-ақ. Оларға мәдени қызмет көрсетуге белсене араласуға мүмкіншілігі бар жастар да көп. Тек оларды дұрыс ұйымдастырып, қажетті мәдени жабдықтармен қамтамасыз ете білу керек. Алайда колхоз комсомол ұйымы (секретары В. Нельде жолдас) жастарды мәдени-ағарту жұмыстарына кеңінен қатыстырумен әлі де болса аз шұғылданып келеді.

Біздің клубты қажетті қаржымен Калиновка селолық Советі қамтамасыз етуге тиіс. Бірақ селолық Совет осы жылдың 6 айы ішінде жаңа жабдықтар сатып алуға ешқандай қаржы босатпады. Мұның өзі жұмысымызға едәуір қыйыншылықтар ...

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Қора салу ойға да алынбай отыр

Мал шаруашылығы саласында істеп жүрген еңбекшілер арасында жауапкершілік барған сайын өсіп отыр. Бұл ретте СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы қойған міндеттерді жүзеге асырушы біздердің, мал өсірушілердің алдына қойылған талап та зор. Біздің мақсат-тілегіміз де осы талапқа сай барынша адал еңбек ету. Бұл салада аздаған табыстарымыз да бар. Бірақ ол қазіргі талаптан мүлдем төмен. Ол өзіндік сырмен дәлелденеді.

Мал шаруашылығын жоғары өнім беретіндей өркендету үшін алдымен берік жемшөп қоры, жақсы жабдықталған қоралардың болуы шарт. Міне, осындай негізгі мәселелерге бізде мүлде көңіл аударылмай отыр. Өткен қыста төл күтетін арнаулы үй болмай, үлкен қыйыншылық көрдік. Осы уақытқа дейін пайдаланылып келе жатқан үш мал қорасының іші тіреуге сыймайды. Тіпті қыс мал жайлаудың өзі де қыйындап барады. Ал оның үстіне биыл тағы тіреу қосылмақ. Сонда қора ішінде шана түгіл, адам өтер жер де аз болар.

Біз жаңа қоралар салудың аса қажеттілігін колхоз басқармасына айтып, талай рет өтіндік. Бірақ колхоз басқармасы құрғақ сөзбен шығарып салып келеді. Біздің ферманы қамтыйтын № 2 дала бригадасының бригадирі Б. Сағдеев жолдас та күні осы уақытқа дейін құрылыс жұмысын аяқсыз қалдыруда. Мал қоралары құрылысы сияқты аса маңызды іске жекелеген басшылардың мән бермеуі колхозда мал шаруашылығының пәрменді дамуына үлкен кедергі болып отыр.

А. БЕКЖАНОВ,

Булаев ауданы, «Победа» колхозы сыйыр фермасының меңгерушісі.

„Ленин туының“ дабылынан кейін

„Сүт тапсырудың барысы нашар“

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 28 майдағы номерінде Совет ауданының колхоздарында мемлекетке сүт тапсырудың қанағаттанғысыз жүргізіліп отырғандығы жөнінде сын мақала жарияланған болатын. Аудандық Совет атқомі председателінің орынбасары Шалғынбаев жолдас бұл жөнінде редакцияға былай деп хабарлады:

Мақала аудандық Совет атқомінің мәжілісі мен дайындау мекемелері қызметкерлерінің кеңесінде талқыланып, орын ал...

құлаш жая кең өріс алып отыр. Олар бұл дақылдардан 2 мың тонна сүрлем азық әзірлемек.

Мол өнім алу егісті агротехникалық ережелерге сай баптап-күтуге байланысты екенін колхозшылар мен механизаторлар жете түсінген. Бұл істе, әсересе Г. Максимов, Я. Сбитнев, А. Вернер жолдастардың басқаруындағы трактор бригадаларының механизаторлары колхозшыларға нақтылы көмек көрсетіп жүр. Трактор- [illegible] ның дұрыс орналастырылуы егістің қатараралығын өңдеуді айқұш-ұйқыш жүргізуге мүмкіндік туғызып отыр. Қазірдің өзінде 100 гектардан астам егіс алаңына күтім жасалды.

Колхозшылар дақылдардың қатараралығын жаз бойы тағы да екі-үш рет баптап, минералдық және жергілікті тыңайтқыштардан үстеме қорек береді.

Л. БАҚАЕВ.

Жүгеріден мол өнім алу үшін

«Красное знамя» колхозының колхозшылары Николаевка МТС-нің механизаторларымен ынтымақтаса жұмыс істей отырып, быйыл колхоз үшін жаңа дақыл —жүгеріні алғаш рет еккен болатын. Жүгері шаршы-ұялы әдіспен егілді. Жүгері егуде тракторшы М. Рогачев, машинист Я. Товкало, агрегат мүшелері Г. Гуска, В. Калуцкий, В. Руснак, Г. Сандуляк өздерінің қажырлы еңбегімен көзге түскен еді.

Қазір осы агрегат жұмыс істеген участокте жүгері егісі көкжасыл болып, біркелкі өсіп келеді. Колхозшылар жүгеріні баптап күтіп, одан мол өнім алмақ.

Л. КӨКЕНОВ.

Бесжылдық жоспар асыра орындалды

Соколов МТС-нің механизаторлары келесі жылдың егісі үшін пар жыртуға көктемгі егіс аяқталысымен-ақ қызу кірісті. Техниканы толық және өнімді пайдалану арқылы олар жұмыста айтарлықтай табыстарға жетті.

Сталин атындағы колхозда істейтін Сергиенко жолдастың бригадасы қазір пар жыртып жүр. Бригада бескүндік жоспарды артығымен орындап шықты. График бойынша 200 гектардың орнына 385 гектар жер жыртты.

Сол сияқты, Волошин жолдас басқаратын № 4, Новоселов жолдас басқаратын № 15 және басқа трактор бригадалары да бескүндік тапсырманы мерзімінен бұрын орындап шықты.

Ш. ЫСҚАҚОВ.

етіп отыру мақсатымен 2 жылжымалы кітапхана ұйымдастырылды. Жылжымалы кітапханалардың меңгерушілері Анна Колчина мен Екатерина Маер жолдастар кімнің қандай кітап оқығысы келетіндігін анықтап, оны дереу тауып беріп отырды. Дауыстап кітап, газет, журналдар оқуға да баса көңіл бөлді. Мәселен, № 5 трактор бригадасының механизаторлары М. Әуезовтың «Абай», С. Мұқановтың «Ботакөз», В. Закруткиннің «Кавказские записки» кітаптарын ұйымдасқан түрде оқып шықты. Сол сияқты Вика Кунцман басқаратын сиыр фермасындағы қызыл мүйіс те ойдағыдай жұмыс істеуде.

Клуб советі партия, комсомол ұйымдарымен бірлесе отырып, қабырға газеті мен жауынгерлік листоктар шығаруға да көмектесіп келеді. «Кировец» атты қабырға газетінің редколлегиясы құрамына озат коммунистер мен комсомолецтер ен- [illegible] үйірмесінің жұмысы үшін аса қажетті музыкалық аспаптар жеткіліксіз болды. Бұл жөнінде селолық Совет пен аудандық мәдениет бөліміне бірнеше рет хабарладық та. Бірақ ешқандай нәтиже шығара алмағаннан кейін жастар өз қаржыларымен гармонь сатып алуға мәжбүр болды.

Клуб шын мәніндегі село мәдениетінің орталығы болуға тиіс. Олай болса, жоғарыда көрсетілгендей кемшіліктерге тіпті де төзуге болмайды. Сондықтан колхоз комсомол ұйымы мен селолық Совет, колхоз басшылары клуб жұмысын жақсартуға көмекті күшейтуге тиіс. Ал клуб коллективі бұл көмекті орынды пайдалана отырып, колхозшылар мен механизаторларға көрсетілетін мәдени қызметті жақсарту үшін күш жұмсайды.

Ғ. БАЛҒОЖИН,

Приешім ауданы, Киров атындағы колхоздың клуб меңгерушісі.

ған кемшіліктерді жоюдың шаралары белгіленді. Мал жайылымын дұрыс ұйымдастырып, сүт алуды жақсартуға көмектесу мақсатымен колхоздарға арнаулы мамандар жіберілді. Соның нәтижесінде май айының соңғы онкүндігінде мемлекетке сүт тапсырудың барысы едәуір жақсарғандығы байқалды.

«МОНША ЖОҚ»

Осы тақырыппен «Ленин туының» 30 январьдағы номерінде жарияланған тілші хатында Октябрь ауданы, Ленин атындағы колхозының № 3 бригадасында монша жоқ екендігі, оны салуға колхоз басқармасының көңіл бөлмей отырғандығы айтылған-ды.

Колхоз председателі Қоспанов жолдас редакцияға № 3 бригадада жаңа монша салынып, пайдалануға берілгендігін, қазір колхоздың 3 бригадасында да монша бар екендігін хабарлады.

Отрядтың абройын сақтаған күш

Отряд вагоншалары машиналар жүретін үлкен қара жол сыртындағы көгалға орнатылған. Жолдың екінші бетінде ортасы жабық қырман. Оның жанында екі [illegible]мелі ағаш үй тұр. Мұнда 4 мың центнер тұқымдық астық сақталған қырманның күзетшісі тұрады және түнгі сменаның тіркеушілері тынығады.

Жүк артқан машиналар үлкен қара жолмен ерсілі-қарсылы өтіп жатыр. Өзеннің екінші қабағынан терезелерінің шынысы күнге шағылысып, ақ балшықпен сыланған Николаевканың үйлері көрінеді. Есіл суы кең жайылып кеткен. Ен далада еңбек қызған. Трактор моторының гүрілі алыстан-ақ естіледі. Аспанда ән салған бозша торғай. Осының барлығына Ишан көз жіберіп қанша қараса да көңілі серпіліп, қабағы ашылмады.

Вагонның сыртындағы аңыздың қашықтығы 50 метр. Тұқым салынған сеялка мен доңғалақты трактор аңыздың басында тұрғалы біржарым сағат өтті.

—Енді неге тұрсың? — деді Ишан жалаңбастанған жалпақ бет тракторшыға зілмен қарап.

—Себушім жоқ.

—Кім еді себушің?

—Бозжігіттің Қапезі.

Ашудан беті сұрланған Ишан екі доңғалаққа орнатылған жылжымалы кухняның жанына келіп, құлақшынын желкесіне қарай сырып, ақ халат киген аспазшы әйелден:

—Пісетін бе? —деп сұрады да, аспазшының жауабын күтпестен вагон табалдырығына барып отыра кетті. Бұл кезде көрсеткіш тақтасының алдында қолтығында газет, журналдар бар біреу тұр еді.

—Үгітші шығар? —деп ойлады Ишан қала жақтан жүкпен, тұқыммен, жанармаймен келе жатқан машиналар тізбегінен көз айырмай.

—Көрсеткіш тақтасы неге толтырылмаған?—деген дауыс шыққан жаққа қарап еді, басына қара бобрик фуражка киген аудандық партия комитетінің МТС аймағындағы нұсқаушысы ұзын бойлы Мақтай Сағдиев екен.

—Есепшілер кеше толтырамыз деп жүр еді, ұмытқан ғой. Салақтық та бар, —деп мойындай сөйледі де, —отрядта есепші жылдағыдай біреу емес, быйыл екеу. Менің көрсеткіш тақтамен, есеппен айналысуға уақытым жоқ,—деп Ишан ақтала бастады.

Мақтай сменаның ауысуын күтіп, кешкі сағат 8-ге дейін жыртылған жердің сапасын көріп, күндіз тынығып, түнгі жұмысқа баратын тракторшылармен, тіркеушілермен әңгімелесті. Ол көбінесе норманың орындалуын, тракторшылар мен тіркеушілердің тапқан еңбеккүндерін сұрастырумен отряд есепшісіне маза бермеді. Отряд есепшісі әрбір тракторшыға толтырған есеп тарағын көрсетті, бірақ кімнің қанша еңбеккүн тапқанын тапбастырып айта алмады. Ақырында Явленка совхозына жақын тоғай ішіндегі аңыздарды көріп келеміз деген сылтаумен дала бригадирінің арбасына мініп, нұсқаушыдан кетіп құтылды.

Күн еңкейіп, көлеңке басы ұзарып келеді. Кешкі 7-де тракторлар жыртудан, себуден, тырмалаудан, өткен жылы көтерілген тың жердің қыртыс шымдарын диска пышағымен кесіп ұнтаудан келе бастады. Тракторшылар қосқа келісімен машиналарын шүберекпен сүртіп, шаңбіреуімен жарықты тексеріп, май құйды. біреумен жарықты тексеріп, май құйды. Тіркеушілер мен себушілер соқалар мен сеялкалардың шаң-тозаңын сүртіп, доңғалақтар мен көп қозғалатын бөлшектерге шприцтен май жіберді.

Мақтайға тракторшылардың бәрі таныс. Сондықтан олардың әрқайсысынан норманың орындалуын, жанармайдың үнемделуін қадағалап сұрастырды.

—Біз жұмысты білеміз. Ал норманы асыра орындадық па, орындамадық па, оны есепші біледі, — деген жауап берді аласа бойлы, жас тракторшы Дәурен Оразов, трактор моторын шаңнан тазартып жүріп.

Кешкі тағам алдында күндізгі сменадан келген тракторшылар белуарларына шейін жалаңаштанып, суық сумен жуынысып жатыр. Мойындарында орамал, қолдарында сабын.

Нұсқаушы отряд бригадирі Ишан Әлімбаевқа екі смена адамдарының басын қосып, 20 минуттік әңгіме өткізейік деген тілек білдірді. Әлімбаев бұған қарсы болмады. Отрядтың жұмысы туралы алдымен бригадир сөйледі.

—Бізде Нұрманов, Жайлыбаев, Оразов сияқты тракторшылар жақсы істейді — деді де шашын ұстарамен алдыртқан, қоңқақ мұрын, сары Қапезге көзі түсіп кетіп, мына бір тізерлей келіп, төмен қарап тұқыйып, жер шұқылап отырған Қапез сияқты тіркеушілер де бар. Үйінің жанынан шыққысы келмейді. Осының кесірінен доңғалақты трактор тұқым сеппей, бүгін 4 сағат тұрды,—деді Ишан ызалы дауыспен. Бірақ бригадир сөзіне отырғандар да, нұсқаушы да қанағаттанбады, өйткені ол әркімнің жұмысына жеке-жеке талдау жасамады. Кім озық, кім артта? Айтпады.

—Жоқ, олай болмайды, —деді нұсқаушы. —Әлімбаев жақсы бригадир, ол өткен жылы Ильич атындағы МТС бойынша бірінші орында болған. Бірақ быйыл үшінші. Бірінші орында қазір Кәрім Тілеулин, екінші Загинайко. Ал, Әлімбаев бригадасының үшіншіге түсіп қалған себебі не? —деді де нұсқаушы ашық дауыспен бұл сұраққа өзі жауап бере бастады.— Бізде бір үлкен дерт бар: ол адамның еңбегін бағалайтын, жігер-қайратына от беретін, адамдарымыздың жауапкершілік сезімін күшейтетін күш —социалистік жарысқа мән бермейміз. Трактор бригадасында жарыс деген не? —деді онан әрі Мақтай алдында отырған тракторшыларға қарап. —Ол әрбір тракторшының, тіркеушінің, тұқым себушінің жұмысына есеп жүргізу деген сөз. Таңдаулы тракторшының норманы асыра орындауын, жерді сапалы жұмыстауын насихаттау деген сөз. Сіздерде таңдаулы адамдар бар емес пе? Бар болғанда сіздерде болсын, —деп нұсқаушы блокнотына қарады. — Мәселен, Темірбек Нұрманов, —деп алдында малдас құрып отырған, қолында сағаты бар тракторшыны көрсетті.

—Нұрманов өткен жылы дизельмен 5 мың гектар жер жұмыстаған. Быйылғы көктем егісінің алты күні ішінде 450 гектар жер жұмыстады. Оның серіктесі комсомолец Жанақмет Нұрекин нормасын 198 процент орындайды. Жайлыбаев пен Хамзин 6 күн ішінде 645 гектар жерге тұқым сеуіп, бір Жайлыбаевтың бес күндікте тапқан ақшасының мөлшері 500 сом. Осы көрсеткіштер тақтаға түсірілген бе? Жоқ, түсірілмеген. Тақта қызыл сырмен боялып, ақбормен сызылып, ілінген қалпында тұр. Тракторшылардың жаңа ғана мен мысалға келтірген көрсеткіштері және басқа жақсы істерін не бригадир, не есепші айтты ма сіздерге?

—Естіген емеспіз.

—Біз жұмысты білеміз.

—Жұмысты білген жақсы, Жаров жолдас, —деді нұсқаушы құлақшынын шекесіне одырайта киіп, күлімсіреп отырған Есімсейітке жылы шыраймен қарап.—Кеше сіз сменалық нормаңызды 92-ақ процент орындапсыз, ал бүгін 137 процент. Бұл екі цифрдың арасында айырмашылық бар шығар? Кешегі жұмысыңыз тоқсан екі, бүгінгіңіз жүз отыз жеті дегенде, Есімсейіт, сізді екі сезім билейді. Кеше ұялдыңыз, үніңіз де шықпады, ал, бүгін жақсы еңбектеніп келгендіктен қуаныштысыз, жұрт алдында жарқылдап отырсыз. Сменадан келе аспазшы Ажардан бастап Дәуренге дейін бәріне бір-бір қулық сөз айттыңыз. Ол ненің арқасы? Бүгін жақсы еңбектендіңіз, жүз отыз жеті процент норма бердіңіз, соның арқасы. Адал жұмыс, қажырлы еңбек адамның бір күнгі көңіліне емес, бүкіл өміріне әсер ететін тамаша күш,— деді нұсқаушы.

—Әр кімнің тындырған жұмысын айтып, тапқан еңбеккүнін естіртіп отыру деген өте орынды кеңес. Жылда айтылады, бірақ істелмейді, —деді жанармай тасушы Тасболат Сақтағанов.

—Істейміз, істеттіреміз есепшілерге, —деді Ишан.—Кемшіліктердің болғаны рас, жоямыз,—деді ол сменаға асығып.

Еңбегіне қарай адам өзін құрметтеушілердің бар екенін көргенде оның өзі де басқаларды бұрынғыдан бетер құрметтеуге асық болып тұрады. Оның жүрегі жолдастары мен достарына деген құрмет пен сүйіспеншілікке толып, жүрегін елжіреткен қуаныш жердің исін шығарып қыздырған көктем күнінің қызуындай алпыс екі тамырына тарайтын болады. Егер ол кішіпейіл адам болатын болса, өзін сөз еткен немесе оған назар аударып, көз тоқтатқан кісіге тек жымыйған күлкімен ғана жауап беруі мүмкін. Таңдаулы тракторшы Куандық Жайлыбаев сондай адам. Оның есімі көрсеткіш тақтасына ылғый бірінші болып жазылып жүрді. Бірде түнгі сменадан келген колхозшы Амантай Рамазанов:

—Түн баласына тракторды бір тоқтатпайды. Адам деген шылым тартушы еді, насыбай атушы еді. Куан не шылым тартпайды, не насыбай атпайды. Біз Қошан екеуіміздің, —деді жуынып тұрған Амантай жанында күлімсіреп, қолына су құйып тұрған Бәкетовты иегімен нұсқап,—насыбай атқымыз, не шылым тартқымыз келеді. Шылым мен насыбайды, егер, Куанның тракторында тіркеуші болып жүре берсек, ұмытармыз, —деп күліп жіберді.

—Бұл жарыс біріміздеп біріміздi оздырар, ол болмаса, аяғын шырақ алдырып, тақымын создырар, —деді Есімсейіт, бес-алты күннен бері үйіне бармаған тіркеуші Қапезге көзін қысып, жымыңдай қарап. —Қапез ағаңды қойшы, бұл кісі шыдайды, жасы болса, қырықтан асты. Күшін қайда жұмсарын білмеген жыйырма бес есінде бар дейсіз бе?—деп, тракторшыларды бір күлдіріп алды да,—құмай қашқанда біздің мына Дәуреннің қара-көз келіншегі құмай қапты ғой. Ол—Өндірісте, Дәурен— мұнда. Ауыл мен отряд арасы онбес, барып қайтуы отыз шақырым.

—Өндіріске барып келсе, Дәуренді кім ұстайды? —деді баспалдақта тұрып, кухнядан ыстық салма қотарып алып жатқан Ажар.

Ишан Әлімбаев бригадасы көктем егісінің өзіне берілген жоспарын Аманкелді атындағы колхозда бірінші болып, жыйырмасыншы апрельде аяқтады. Қазір отряд пар жыртуда.

...Жуырда біз Ишан Әлімбаевпен тағы да қос басында кездестік. Өткен оқыйғаларды еске ала отырып, ол көктемгі егіс кезі туралы сөйлеп кетті.

—Социалистік жарыс отрядтың абройын сақтап қалған күш болды ғой. Социалистік жарыстың кәдірін, расында, біз бұрын білмей келіппіз. Қазір енді ол жоқ. Социалистік жарыссыз жұмыс бастап, жарыссыз оны ойдағыдай аяқтауға болмайды екен. Нұсқаушы Мақытай келіп тұрады. Әрбір тракторшының жұмысын күн сайын қорытып, тақтада көрсетіп отыру, болған кемшілікті сынау, өздеріне сынаттыру деген жақсы екен, отряд басы көңілді болады екен. Колхоз жеті жүз гектар пар жыртпақшы еді. Оны жақында орындаймыз, — деді Ишан пар жыртып жүрген тракторшыларға қарап тұрып.

Ж. МҰЗАПАРОВ,

Ленин ауданы, Ильич атындағы МТС.

Итальян шаруалары өз праволары үшін күресуде

РИМ, 11 июнь (СОТА). Бүгін жартылай пайдаға жұмыс істейтін 400 мың итальян шаруалары (семьяларымен қосқанда 2 миллионға жуық адам) бүкіл елде жұмысты тоқтатып, өздерінің праволарын қорғау үшін бұқаралық демонстрациялар өткізген. Митингтер мен демонстрацияларда жартылай пайдаға жұмыс істейтін шаруалар, атап айтқанда, договорға қарамастан жер иелерінің қажетті суландыру жұмыстарына шығындар төлеуден жалтаруларына қарсы наразылық білдірген. Шаруалар сонымен бірге жер иелерінің өздері жүгенсіздік жасап жартылай пайдаға жұмыс істеуші шаруаларды қуып жіберуіне тыйым салынуын талап етуде.

УРУГВАЙ ГАЗЕТІ ССРО-мен ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҚ ДЕМОКРАТИЯ ЕЛДЕРІМЕН САУДА БАЙЛАНЫСЫН ҰЛҒАЙТУДЫ ЖАҚТАЙДЫ

МОНТЕВИДЕО, 10 июнь (СОТА). Уругвайдың ұлттық мемлекеттік советіндегі көпшілігін көзқарасын білдіретін Уругвайдың «Аксьон» газеті елдің ішкі саудасы туралы бас мақала жариялады. Мақалада Совет Одағымен және халықтық демократия елдерімен сауда байланысын ұлғайтудың Уругвай үшін аса қажетті екендігі атап көрсетілген. Уругвай банкінің социалистік лагерьдегі елдердің көпшілігімен сауда айырбасы туралы «Уругвай экономикасы үшін өте тиімді» келісімге, соның ішінде ССРО-мен банкаралық келісімге қол қойғандығын атап өтіп, газет мынаны атап көрсетеді: тиісті өкмет орындары бұл келісімдерді іс жүзіне асыру үшін «ешқандай әрекет жасамады». Газет ұкметті республиканың өзіне алған міндеттемелерін орындауға шақырған. «Көпшілік мүдделері жеке мүддеден жоғары болуға тиіс,—делінген бұдан әрі мақалада.—Егер ұлы державалар барыш тұрған әртүрлі саяси системалары бар елдермен сауда жасайтын болса, онда экономикасы нашар өркендеген өндірістің шектелген салалары ғана бар елдер мұндай сауданы өркендетпесін деп талап етуде ешбір дұрыстық жоқ».

КАМЕРУНДАҒЫ ЖАҒДАЙ

ПАРИЖ, 11 июнь (СОТА). Бұрын белгілі болғанындай, соңғы аптада Камерунда (экваторлық Африкадағы француз қамқорлығындағы территория) полиция мен жергілікті негр халықтарының арасында қантөгіс соқтығыстар болған. Әсресе, Камерунның астанасы—Яунде, сонымен бірге Дуалада, Лунде және полиция демонс- [illegible] қару қолданған басқа

Совет ұкметінің Герман Федерациялық Республикасының ұкметіне жолдаған нотасына шетелдердегі пікірлер

ГЕРМАНИЯ

БЕРЛИН, 9 июнь. (СОТА). Берлиннің бүкіл демократиялық баспасөзі Совет ұкметінің Герман Федералдық Республикасының ұкметіне жолдаған нотасына зор көңіл бөлуде.

«Нейес Дейчланд» газеті «Бонн—шешім алдында» деген тақырыппен басмақала берген. Мақалада былай деп атап көрсетілген. Совет Одағы мен Герман Федералдық Республикасы арасында оңды қатынастар орнату туралы Совет ұкметінің ұсыныстары және канцлер Аденауэрдің Москваға келуге шақырылғаны Германияда және бүкіл дүниежүзілік жұртшылық арасында күшті пікірлер тудырғаны сонша лық, мұндай пікірлердің көлемін анықтау әзірше тіпті мүмкін емес. Совет Одағы мен Федералдық Республика арасында қатынастарды оңдауға, деп жазған газет бұдан кейін, барлық халықтар, әсресе Совет Одағының халықтары мен неміс халқы мүдделі болып отыр.

Совет ұкметінің нотасы жарияланғаннан кейін іле-шала Германияның шығысы мен батысында Совет ұсыныстарының кеңінен қосталғаны, деп жазған газет, неміс халқының көпшілігі империалистік араздық тудыру саясатын үзілді-кесілді жоюға және Совет Одағы мен Германия арасында бейбітшілік, ынтымақ, достық принциптеріне негізделетін қатынастар орнатуға шын ниетімен ұмтылып отырғанын көрсетеді.

Совет ұсыныстары, деп жазған «Берлинер цейтунг» газеті,—ойдағыдай келіссөздер жүргізіп, Австриямен Мемлекеттік Договор жасалғаннан кейін және Совет Одағы мен Югославия арасында қатынастар оңдалғаннан кейін іле-шала—шиеленісті бәсеңдетуге жету жолындағы тағы бір қадам болып табылады.

ФРАНЦИЯ

ПАРИЖ, 8 июнь. (СОТА). Париждың кешкі газеттерінде Совет ұкметінің Герман Федералдық Республикасының ұкметіне жолдаған нотасы туралы хабарларға ең көрнекті орын берілді. Осы тақырыптағы әртүрлі хабарлар мен түсіндірмелерге газеттердің бір—екі беттері тұгелімен берілген.

Баспасөз, әсресе төрт ұлы державаның Кеңесіне жүргізіліп жатқан өзірлік жұмыстарын еске алатын болсақ, Совет ұкметінің бұл қадамының халықаралық зор маңызы бар деп мойындауда.

«Монд» газеті нотаны күйінішті сарында түсіндірген, ол, атап айтқанда, ешқандай дәлел келтірместен, Совет Одағы мен Батыс Германия арасында қатынастарды оңдау... «Германияның бөлшектелуін қалпында» сақтайды-мыс дегенді

«Пари пресс-энтрансижан» газеті, Аденауэр «үш батыс державасымен консультация алысқанға дейін ешқандай шешімге келмейді» деген ойын айтып, сонымен бірге былай деп мәлімдеген: канцлер Совет ұсынысын қабылдамай тастай алмайды, өйткені мұның өзі герман жұртшылық пікірі тарапынан қолайсыз пікірлер тудырған болар еді. «Аденауэрдің бұл ұсынысты қабылдамай тастауы қыйынға соғады,—деп жазған газет.—Ал, оның батыс одақтастарының: «ол жаққа бармаңыз, өйткені дөңгелек столдың алдында Москвамен келіссөздер жүргізуге біздер ғана праволымыз» деп оған айтуы да қыйын болады.

Аденауэрдің Москваға келуге шақырылғанын Париж келісімдерін бекітудің нәтижесі деп көрсетуге тырысқан оңшыл шолушылардың әрекеттерін әшкерелей келіп, «Юманите» газеті былай деп жазған:

«Советке қарсы насихат жөніндегі мамандардың бұл жұрт күлерлік әрекеттері олардың өздерінің абыржып отырғанын бейнелейді... Бұл тезисті дәлелдеу үшін, олар өздерінің ойындағы ниеттерін ССРО-ға жалақорлықпен жауып отыр. Жұртқа мәлім, ССРО Париж келісімдерінің бекітілуін халықаралық шиеленісті ушықтыра түсетін фактор деп санауда, міне сондықтан да бұл келісімдерді жүзеге асыру Германияны бейбітшілікпен қайта қосуды ұзақ уақытқа қыйындатып тастады».

«Юманите» газеті бұдан кейін былай деп атап көрсеткен: Герман Федералдық Республикасына тәуелсіздік бердік деген батыс державаларының даурықпалы мәлімдемелерінен кейін олар Аденауэр ұкметінің Совет Одағының ұкметімен келіссөздер жүргізуіне кедергі келтіре алмайды, өйткені мұндай кедергі келтірген күнде, олар герман жұртшылық пікірінің алдында өздерінің беделін түсірген болар еді және Аденауэрдің өзінің де беделін түсірген болар еді.

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ

ПЕКИН, 9 июнь (СОТА). «Женьминьжибао», «Гуанминжибао», «Гунженьжибао» газеттері және Қытайдың басқа да орталық газеттері ССРО ұкметінің Герман Федералдық Республикасының ұкметіне жолдаған нотасының толық текстін көрнекті орындарға басты. Газеттер бұл нотаны: «Совет Одағының ұкметі дипломатиялық және сауда қатынастарын орнату туралы мәселе талқылау үшін Батыс Германия ұкметі делегациясының Москваға келуін ұттықтаған болар еді» деген заголовоктермен басқан. «Женьминжибао» газеті бейбітшіл Совет саясатының жаңа қадамына «Совет Одағы Батыс Германия- [illegible] арасындағы қатынастарды

Луиджи Лонгоның сөз сөйлеуі

РИМ, 9 июнь. (СОТА). Итальян Коммунистік партиясы бас секретарының орынбасары Луиджи Лонго Коммунистік партияның Рим федерациясы активінің жыйналысында қазіргі заманғы саяси проблемалар туралы баяндама жасады.

Сицилия аралындағы сайлауға тоқтай келіп, Лонго былай деп атап көрсетті: жұмышы табының екі партиясы табысқа жетіп отырған уақытта, өйткені 1953 жылғы жалпыұлттық сайлауда олар 29,2 процент дауыс алған еді, қазір—30,5 процент дауыс алып отырғанда, христиандық-демократиялық партияның итаршылары—«цемтристер» де, сондай-ақ ең оңшылдар да дауыстан айрылып отыр. Мұның өзі коммунистер мен социалистердің соңынан еріп отырған қалың халық бұқарасын серпіп тастайтын ұкметтік блоктің қандайы болса да—жалпыұлттық немесе облыстық блоктің болса да дәрменсіз және тұрақсыз екендігін дәлелдейді.

Сицилия аралындағы сайлаудың нәтижелері христиандық- демократиялық партияның саясатын және оның басқа партиялармен одақтарын түбірінен өзгерту туралы шұғыл мәселе қойып отыр. Христиандық-демократиялық партияның қатардағы мүшелерінің өздері осыны талап етуде. Олар Фанфанидің (христиандық-демократиялық партияның секретары.—**Ред**). даурықпалы бос сөздерінен әбден жалықты, ол осы партияның елді жаңартатын ниеті бар деп мәлімдеуде, ал іс жүзінде бұл партия—халық бұқарасының саяси өмірге басшылық етуге қатысуына кедергі келтіру мақсаты үшін ғана—тіпті ең реакцияшыл элементтермен қандай да болса одақ жасасуға өзір отыр.

Халықаралық жағдайға тоқтай келіп, Лонго былай деп көрсетті. Совет-Югославия келіссөздері халықаралық шиеленісті бәсеңдету саясатының зор табысы болды.

Совет Одағы мен Югославия, деп атап көрсетті ол, екі елдің арасындағы қатынастар туралы ғана келісім жасасқан жоқ, олар сонымен бірге герман мәселесі, қарусыздандыру туралы, Қытайдың Тайвань жөніндегі праволары туралы және праволы елдердің бәрін Біріккен Ұлттар Ұйымына алу туралы мәселе сыяқты ең маңызды мәселелерді шешу мақсаты үшін халықаралық көлемде ынтымақтасу туралы да келісім жасасты.

АҚШ-тың АВТОМОБИЛЬ ЗАВОДТАРЫНДАҒЫ ЕРЕУІЛ

НЬЮ-ЙОРК, 10 июнь (СОТА). Американ баспасөзінің хабарлауына қарағанда, «Форд мотор» компаниясымен келісімге келген автомобиль өнеркәсібі жұмысшыларының бірлескен кәсіподағы басшылығының позициясына қарама-қарсы, Форд [illegible]

Пионер жазы басталды

Питомниктің үлкен қақпасынан еніп, аллеямен біраз жүрген соң-ақ, пионер горнының даусы естіліп, желбіреген лагерь тулары көріне бастайды. Сыңсыған қалың тоғайдың арасынан баяу толқынды «Пестрое» көлі жарқырап көз тартады.

Лагерьге кіре берісте мойына қызыл галстук байлаған пионерлер тұр. Олар —лагерьдің бүгінгі кезекшілері, келгендерге жол көрсетеді, жөн сілтейді. Біздің бір пионер лагерь орамындағы екі этажды әдемі үйге алып келді. Бұл үйге лагерь штабы орналасқан екен.

Лагерь штабына жалғас ағаштардың арасына алаңды қоршай ақ шатырлар тігілген. Осы шатырлардың күнбатыс жағындағы үлкен үйге лагерь асханасы орналасқан. Ол тал, қайың, шырша жапырақтарының арасынан әрең көрінеді. Мұнда да пионерлер күн сайын кезекшілік атқарады. Люда Вострикова қаладағы № 4 мектептің 2 класын өте жақсы бағалармен бітірді. Кәзір Киров атындағы мектептің 1 класын бітірген Вова Карабашко екеуі аспазшыларға көмектесіп, түскі тамақтың қамында жүр.

Асхана сыртындағы шағын алаңға салынған көк терезелі әдемі үйде 50-ге тарта бала тұрады. Міне, олар келген туысқандарын жүгіре қарсы алып, қалай демалғанын, уақытты қалай өткізетінін айтып жатыр. Шекесі торсыйған, жирен шашты Коля аузын томпыйтып:

—Маған мұнда жақсы, үйге бармаймын, —деп шешесін қорқытып қояды. Баласының жақсы демалысына қуанған, партияның оларға жасаған қамқорлығына разы болған туыстары кішкене Коляның сөзін есітіп, еріксіз күледі.

Мұнда № 6 отрядтың балалакені бүгін пионер лагері салтанатты түрде ашылмақ.

. . . Әлден уақытта алаң ортасында тұрған трибунаның алдына пионерлер отряд-отряд болып, сап түзеп тұра бастады. Олардың алдында ту ұстаушылар, одан кейін барабаншылар мен горншылар келеді. Болашағы жарқын балғын жастардың өнінен ерекше қуаныш байқалады.

Күндізгі сағат 12. Әрбір отрядтың пионер вожатыйы трибунада тұрған дружина Советінің председателіне рапорт бере бастады. Лагерь бастығы Антонина Малкова, облыстық кәсіпшілер Советінің председателі Цимбал, қалалық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі Гусева және туысқандар пионерлерді лагерьдің ашылуымен құттықтап, олардың жақсы дем алып, жаңа күш, жаңа жігермен жаңа оқу жылын бастауына тілектестік білдірді.

Пионерлер атынан Лиля Волкова сөз сөйледі. Ол быйыл 1 класты бітіріп, Мамлютқадан лагерьге бірінші рет келіп отыр. Мамлютқадағы балалар кітапханасында істейтін оның шешесі Нина Тряпкина да лагерьдің ашылу салтанатына қатысуда. Лиляның: бақытты балалық шағымыз үшін Коммунистік партияға рахмет!—деген сөзін салтанатқа қатысушылар ду қол шапалақтап қарсы алды.

Отряд Советінің председателі лагерь туын көтерген кезде духовой оркестр Совет Одағының Гимнін ойнады. Жазғы самал желмерекедегідей безенген лагерь үстіне көтерілген қызыл жалауды желбірете түседі. Лагерьдің ашылуына арналған салтанат аяқталды. Пионер жазы басталды.

Салтанаттан кейін жаппай пионер ойыны басталды. Міне, спорт алаңы. Мұнда волейбол, футбол, баскетбол алаңдары бар. Бүгін спорт алаңында лагерьдің ашылу құрметіне арналған отрядаралық эстафета болып өтті.

Көлге қайықпен серуендеу пионерлердің жақсы көретін дем алысының бір түрі. Ол үшін мұнда 14 қайық бар, оның біреуі моторлы қайық. Әр қайыққа 8 адам сыяды. Балалар қайықпен серуендеп, балық аулайды, су жәндіктерін ұстайды. Суға шомылып, күн қызуына денелерін шынықтырады.

Лагерьде би, хор, драма, жас натуралистер және авиамодельшілер үйірмелері бар. Оған пионерлер белсене қатысуда. Жақыншада «Костер» атты лагерь газетінің екінші номері шықты. Онда «Партияның балаларға қамқорлығы» деген мақала. «Бақытты күн» деген өлең жарияланды.

Кәзір лагерьде 253 пионер бар. Осы жазда мұнда 700-ден астам пионерлер дем алады. Лагерьге тек қаладан ғана емес, аудан пионерлері де келуде. Кәзір дем алып жатқан пионерлердің біразы Полудень, Мамлют және Совет

қалаларда шиеленіскен жағдай туып отыр. Франс Пресс агенттігінің бүгін хабарлағанындай, бұл соқтығыстардың салдарынан 26 адам өлтіріліп, 188 адам жараланған.

Париж газеттері елдің тәуелсіздігін, сонымен бірге британдық және француздық Камерунның біріктірілуін жақтаған камерундықтарға қарсы француз отарлық өкмет орындарының репрессиясы туралы хабарлар жариялауда. Газеттер мынаны атап көрсеткен: Камерундағы жағдай туралы нақтылы мәліметтер алу мүмкін емес, өйткені отарлық өкмет орындары қатаң цензура қойды.

«Юманите» газетінің хабарлауы бойынша, ұлттық жыйналыстың депутаты коммунист Шарль Бенуа Камерунда жүргізіп отырған саясаты және қолданып отырған репрессиясы жайында үкметке өзінің сұрақ беретін ниеті барлығын мәлімдеген.

ПОРТУГАЛЬ ӨКМЕТ ОРЫНДАРЫ ГОАНЫ АЗАТ ЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ҚУҒЫНДАУДА

ДЕЛИ, 11 июнь (СОТА). Индияның ең ірі партияларының өкілдерінен тұратын партияаралық комитет Гоада азаттық қозғалысы басталуының 9 жылдығын 19 июньде атап өтуге әзірленуде. Бұл күні Гоаның барлық үйлері мен қоғамдық орындарында Индияның ұлттық жалаулары ілінетін болады.

Гоадан берілген хабарларда былай делінген: португаль өкмет орындары азаттық жолындағы қозғалысқа қатысушыларға қарсы репрессияны күшейтуде. Португальдік әскери трибунал жуық арада қозғалысқа қатысқан бір топ адамды ұзақ уақыт түрмеде ұстауға және ақшалай көп штраф төлетуге үкім етті. Өкмет орындары Гоадағы португаль әскерлерінде қызмет ететін бір топ негр солдаттарын антты бұздың деген айыппен тұтқынға алды. Ал, оның бер жағында португальдық өкмет орындары Гоада жанталаса соғыс әзірліктерін жүргізіп, жол салуға қатты назар аударып отыр.

АДЕНАУЭР АҚШ-тың, АНГЛИЯНЫҢ ЖӘНЕ ФРАНЦИЯНЫҢ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСПЕК

ВАШИНГТОН, 11 июнь. (СОТА). Кеше АҚШ мемлекеттік департаментінің өкілі баспасөз конференциясында былай деп мәлімдеді: мемлекеттік секретарь Даллес канцлер Аденауэрді 17 июньде Нью-Йоркте АҚШ-тың, Англияның және Францияның сыртқы істер министрлерімен кездесуге шақырды, Аденауэр бұл шақыруды қабыл алды.

айтқан.

«Франс-суар» газеті Парижда, Лондонда және Вашингтонда Совет ұсынысы «орасан зор таңданғандық» тудырды деп атап көрсеткен. «Парижда,—деп жазған газет, —Совет дипломатиясының қандай тез қыймыл жасап отырғанына жұрт таңданып отыр. Москвадан саяси сыйпаттағы емес, тек қана экономикалық сыйпаттағы ұсыныстар күтілген еді». Газет Совет үкметінің Москваға келуге шақырғанын канцлер Аденауэр қабылдайды деп санауда.

...оңдау жөнінде ұсыныс жасап отыр» деп аталған мақаласын арнаған. «Гуанминжибао» газетінде басылған мақала былай деп аталған: «Совет үкметі Батыс Германияның үкметіне қатынастарды оңдау туралы мәселе талқылау үшін екі елдің мемлекет қайраткерлері арасында тікелей байланыс орнатуды ұсынып отыр».

Совет үкметінің нотасын сонымен қатар Пекиннің және басқа қытай қалаларының радиостанциялары да елге хабарлады.

Қытай Ғылым академиясы сессиясының жабылуы

ПЕКИН, 10 июнь (СОТА). Бүгін Пекинде Қытай Халық Республикасы Ғылым академиясының сессиясы аяқталды. Сессия әртүрлі ғылми мәселелер жөніндегі баяндамаларды тыңдады, Ғылым академиясының бірінші бесжылдық жоспарын талқылады, сонымен бірге 15 жылға перспективалық жоспар жасау туралы қарар қабылдады.

Қорытынды мәжлісте сессияға қатысушылар Қытай ғалымдарына марксизм-ленинизмді табанды меңгеруге, ғылымдағы идеализмге қарсы күресуге, қытайдың ғылми мұрасын, ССРО-ның, халықтық демократия елдерінің озат ғылымын және бүкіл дүние жүзіндегі елдердің ғылми табыстарын тыянақты үйренуге шақыру арнады.

Сессия қарар қабылдап, онда Қытай ғалымдарын Қытайдың социалистік құрылысына бұрынғыдан да зор үлес қосуға шақырды. Біз, делінген қарарда, соғыс жоспарларын батыл айыптаймыз және атом, сутегі тағы басқа да жаппай қырып-жоятын қарудың түрлерін қолдануға қарсы шығамыз. Қытай ғалымдары Совет Одағымен, халықтық демократия елдерімен, Азия және Африка елдерімен, бүкіл бейбіт сүйгіш халықтармен ғылымды және мәдениетті қорғауда, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қорғауда достықты нығайта беретін болады.

Сессияда Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік советінің премьері Чжоу Эньлай, премьердің орынбасары Чэнь И, Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Лу Дин-и сөз сөйледі.

Сессия Ху Фыңның контрреволюциялық тобын айыптайтын қарар қабылдады.

Венгер-совет қоғамының 10 жылдығына байланысты Будапеште болған салтанатты мәжліс

БУДАПЕШТ, 10 июнь. (СОТА). Кеше мұнда металшылардың Мәдениет үйінде Венгр-совет қоғамы Орталық басқармасының қоғамды құруға он жыл толғанына арналған салтанатты мәжлісі болды.

Мәжлісте Венгрияның көрнекті ғылым және мәдениет қайраткерлері, өндіріс озаттары, жұртшылық өкілдері, Венгр еңбекшілер партиясы Орталық Комитетінің мүшелері, Венгр үкметінің мүшелері қатысты. ВЕП Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі Антал Апро, Венгр Халық Республикасы Президиумының председателі Иштван Доби, Венгр еңбекшілер партиясы Орталық Комитетінің секретары Бела Вег, Венгр-совет қоғамы басқармасының мүшелері, ССРО-ның Венгриядағы елшісі Ю. В. Андропов, мейрамды өткізуге катысу үшін келген шетелдерден мәдениет байланысының Бүкілодақтық қоғамы делегациясының мүшелері—шетелдермен мәдениет байланысының Бүкілодақтық қоғамы председателінің орынбасары В. Г. Яковлев және композитор Вано Мураделли президиумға келіп орын алды.

Мәжлісті Венгр-совет қоғамы председателінің орынбасары жаңашыл—мастер Геза-Газда ашты. Қоғамның 10 жылдығы туралы Венгр-совет қоғамының председателі, егіншілік министрі Ференц Эрдеи баяндама жасады.

Баяндамашы Венгр-совет достығының тарихи тамырларына тоқталды және бір миллионнан аса мүшелері бар бұқаралық ұйымға айналып отырған Венгр-совет қоғамының тарихы туралы айтып берді.

Венгр-совет қоғамының он жылдығымен байланысты Венгр Халық Республикасы Президиумының Председателі Иштван Доби, ВЕП Орталық Комитетінің секретары Бела Вег, ССРО-ның Венгриядағы елшісі Ю. В. Андропов және шетелдермен мәдениет байланысының Бүкілодақтық қоғамы делегациясының басшысы В. Г. Яковлев құттықтау сөздер сөйледі.

Мәжлістің салтанатты бөлімінен кейін концерт болды.

...рал моторс» компаниясында стихиялы стачкалар өтіп жатыр.

«Форд мотор» компаниясының бірсыпыра заводтарының жұмысшылары жуық арада жасалған жаңа договорға қарсы наразылық білдіріп, әлі де ереуіл көтеруде. Бұл договор жұмысшылардың талаптарын қанағаттандырмады. Юнайтед Пресс агенттігінің Детройттағы тілшісінің хабарлауы бойынша, «Форд мотор» компаниясының маман жұмысшылары бұл договорға қарсы наразылық ретінде жұмыстарын тоқтатқан. Газеттің хабарлауы бойынша, соңғы күндер ішінде Форд компаниясындағы 142 мың жұмысшының 80 мыңнан астамы бір-екі күн жұмысты тоқтатқан.

Форд компаниясымен жасалған жаңа договордың жағдайы мәлім болғаннан кейін «Дженерал моторс» компаниясының 50 мыңнан астам жұмысшылары стихиялы ереуіл көтерген. Осы компанияның Сент-Луистегі, Питсбургтегі, Трентондегі, Лос-Анжелостегі, Канзас-Ситидегі және басқа қалалардағы 12 заводының жұмысшылары ереуіл жасауда.

«Дженерал моторс» заводының жұмысшылары өз кәсіподақтары басшылығынан Форд компаниясымен жасалған договордың жағдайларымен келіспеуін талап етеді. Жұмысшыларды қорқытып, оларды мәмлеге келтіруге мәжбүр ету үшін «Дженерал моторс» компаниясы бүгіннен бастап 20 заводты жауып, 60 мың адамды «уақытша» жұмыстан шығарды.

ЛАОС ҮКМЕТІ ЖЕНЕВА КЕЛІСІМДЕРІН БҰЗУДА

ПЕКИН, 10 июнь (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің Ханойдан берген хабарына қарағанда, Лаостан алынған хабарларда былай делінген: Фонг-Сали және Сам-Неа ауданында Лаостың үкмет әскерлері Патет-Лао әскери бөлімдеріне шабуыл жасауда.

ПЕКИН, 10 июнь (СОТА). Вьетнам информация агенттігінің хабарлауына қарағанда, Патет-Лао әскерлерінің делегациясы Лаостың корольдік үкметіне хат жолдап, онда корольдік үкмет жүргізіп отырған біржақты сайлау әзірлігін тоқтатуды және Сам-Неа мен Фонг-Сали провинцияларында Патет-Лао бөлімдеріне қарулы шабуылдар жасауға тыйым салуды талап еткен.

Патет-Лао әскерлерінің делегациясы, сонымен бірге саяси конференцияның жұмысын қайтадан бастап, бұл конференцияда Женева келісімдеріне сәйкес бүкіл елде жалпыға бірдей сайлау өткізу жөніндегі мәселені талқылауды талап етеді, ал саяси конференцияның мәжлісі Лаостың корольдік үкметі делегациясының кінәсінен тоқтап қалған болатын.

...ры тұрады. Олар алдағы оқу жылында ғана мектепке барады. Міне, сондықтан да, олар мектепке барып оқуға мойнына қызыл галстук тағып, пионер болуға асығулы. № 6 отрядтың пионер вожатыйы Антонина Месяц балаларға ән үйретеді. Көркем әдебиеттерден ертегілер, қызық мысалдар оқып береді.

Лагерь алаңы қызыл жалаулармен, ұрандармен безендірілген. Бүгін тәрбиешілер де, пионерлер де әлде неге абыржулы. Олардың асығатын жөні де бар. Өйт...

...аудандарынан келгендер.

Кешқұрым, ымырт жабылған кезде «Пестрое» көлінің жиегінде пионер костері жағылды. Костер жанындағы пионерлердің күмістей көңілді күлкісі, шырқай салған әні лагерь маңындағы Марьевка — Петропавл жолының құрылысшыларына, сапарға шығып бара жатқан машинистер мен жолаушыларға, сменасын бітіріп, тынығуға келген Петропавл МТС-нің механизаторлары мен пішеншілерге, қала тұрғындарына әлсін-әлсін естіліп тұрды.

СУРЕТТЕ: 1. Лагерь туын көтеру. 2. Аға пионер вожатый Татьяна **Кафарена** мен пионерка Раиса **Мәкенова** және басқа пионерлердің Пестрое көлінде серуендеп жүрген кезі.

Сөзін жазған **М. НҰРПЕЙІСОВ.**
Суретін түсірген **А. РОЗЕНШТЕЙН.**

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«РИО ЭСКАНДИДО»

Сеанстар кешкі сағат 6-50, 8-40, 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ДАУЫЛ»

Сеанстар кешкі сағат 6-50, 8-40, 10-30-да басталады.

Петропавлдың мемлекеттік сыра заводына түпкілікті жұмысқа өнеркәсіп есебін жақсы білетін аға бухгалтер, жүк тиеушілер, кочегарлар, күзетшілер керек.

Адрес: Лагерь көшесі, 2-үй, сыра заводы. Телефондар 0-17 және 7-35.

ДИРЕКЦИЯ.

Қоймада жұмыс істеу үшін жүк тиеушілер және жұмысшылар керек. Еңбекақы айына 600 сом.

Адрес: Петропавл қаласы, Совет көшесі, 103-үй. «Главзаготснаб» базасы.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор —1-86, редактордың орынбасары— 1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп- транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39, газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00800.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.